

A I N A

ТӘУЕЛСІЗДІК – БАСТЫ
ҚҰНДЫЛЫҚ

2-бет

K Ú N T Á R T I B I

ЖАСТАРДЫҢ ШІКІРІН
ТЫҢДАДЫ

3-бет

Á L E Ý M E T

ШПЕР СУЫМЫЗ
АДАЛЫНАН БОЛСЫН

4-бет

R Ý H A N I A T

«ӘУШЛДЕК» ЖӘНЕ
ҒАЛЫМ

5-бет

АБАЙДЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ АЙНАЛАСЫ және ДӘУІР САБАҚТАСТЫҒЫ



Еліміздің тәуелсіздік алуы ұлттық құндылықтарымызды, тамыры терең тарихымызды, соның ішінде өткен ғасырдың алғашқы ширегінде қазақ қоғамына адал қызмет етіп, жасампаз шығармашылығын арнаған Алаш арыстары тағдырын шынайы танып, зерттеуге қуатты серпіліс берді.

Қазақ елінің біртуар данасы Абай Құнанбайұлының тұлғалық айналасы бүгін үлкен мәдени құбылыс ретінде қабылдана, мұны өз әкесі Құнанбай Өскенбайұлының қайраткерлік тұлғасымен замана аясындағы пайым-парасатынан, бауыры Шәкәрім Құдайбердіұлының шәкірттігінен, ақындығы мен ойшылдығынан, сондай-ақ, тағдыры Алты Алашқа мәлім ерлердің ізі қалған Семей шаһарынан, Алашорда үкіметінен, Алаш қаласынан бөліп қарау мүмкін емес. Ұлт қамын ойлаған ұлы тұлғалардың ортасы мен іс-әрекеті, шығармашылығы мен күресі өзара сабақтастықта дамып отырған.

кітаптарды өмірге әкелді. «Шәкәрім» (2008) тұлғалық энциклопедиясы мен «Шәкәрім және Алашорда» ғылыми-танымдық кітабы, «Алаш қаласының тарихы» (2010) атты монографиясы, Мәскеудегі әйгілі «Молодая гвардия» баспасының «Жизнь замечательных людей» (ЖЗЛ) сериясымен орыс тілінде шыққан «Шәкәрім» (2012) ғұмырнамалық кітабы және «Құнанбай» (2019) тарихи-мемуарлық кітабы отандық және суразиялық тұлғатану ғылымына зор жаңалық болып енді. Бұл кітаптардың бәрін тоқайластыратын тақырып – ең алдымен, Абай айналасының өзара заманауи байланыстығын тұлғаландыру; екіншіден, тарихи кезеңдегі ұлт-азаттық идеясы жолындағы ұлт зиялыларының қайраткерлік келбетін айшықтау және олардың «тар жол, тайғақ кешудегі» тағдырларын тарихи деректермен дәйектеу; үшіншіден, авторлық тың көзқарастар, пайымдар мен тұжырымдар.

Бұлар – гуманитарлық ғылымдар контекстінде жана ғылыми ізденістің бастамасы деуге толық негіз бар. Е.Сыдықов ғылыми редакциясын басқарып, жүйелеген «Шәкәрім» энциклопедиясы 2008 жылы жарық көріп, 2019 жылы толықтырылып басылды. «Шәкәрім» энциклопедиясының шығуы – өткен кезеңнің көрнекті тұлғалық басылмалары «Шекспир», «Гете», «Шиллер», «Гю-го», «Пушкин», «Абай» сынды энциклопедиялардың жарық көруімен және ауқыммен, маңызымен салыстырылатын мәдени шара.

Энциклопедия сөздігінің мазмұнында бұрын да белгілі мәліметтерден басқа Шәкәрімнің өмірі мен шығармашылығы туралы жаңа фактілер алғаш рет айналымға түскен. Еңбекте атаулардың, ұғымдардың, терминдердің, категориялардың, мақала атауларының тақырып ауқымы төмендегі тақырыптарға топтастырылған.

►► 6-бетте

БІЛІМ САПАСЫНЫҢ ҚҰЛДЫРАУЫНА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Қарағанды облысы білім басқармасының басшысы Гүлсім Қожамжетова ведомстволарлық комиссияның Жезқазған қаласындағы жұмысы барысында оқу орындарын аралап, онлайн сабақтың жай-жапсарымен танысты.

– Біз Қарағанды облысының барлық аймақтарына барып, ондағы білім беру жүйесіндегі атқарылып жатқан жұмыстарды зерделемекпіз. Осы сапарымызды мысты шаһардан бастағанды жөн көрдік. Әрі қарай Сәтбаев қаласына табан тірейміз. Бүгінде қалада жана мектептің құрылысы аяқталуға таяды. Мердігер «Аспап» компаниясы құрылысты 30 қыркүйекте Жезқазған қаласының құрылыс бөліміне тапсырады. Оны әрі қарай білім бөлімі қабылдап алады. Сонан соң ғана облыстық білім басқармасының шешімімен аталған мектептің қандай мектеп болатыны шешіледі. Бірақ, көп адам айтып жүргендей, бұл Назарбаев зияткерлік мектебі болмайды. Бұдан басқа

да Қарағанды облысы бойынша салынып жатқан мектептер көп, – деді ол өз сөзінде.

– Биылғы оқу жылының ерекшелігін білеміз. Онлайн оқу көп нәрсеге басқаша көзқараспен қарауға үйретті. Бұл оқушы мен ата-анаға да оңай тиіп жатқан жок. Мұғалімдер де мектеп тақтасы алдында сабақ өткізгілері келеді. Десе де, жақсы күнге деген үмітіміз үзілген жок. Балаларға мемлекет тарапынан барынша көмек көрсетілуде. «Қазақмыс» корпорациясы жезқазғандық мектептерге 400 ноутбук сыйға тартты. Айлық табысы жан басына шаққанда 52 000 теңгеге жетпейтін отбасыларға да қаржылай көмек берді, – деген Жезқазған қалалық білім

бөлімінің басшысы Жеңіс Әлмағанбетов мемлекет тарапынан да көптеген қолдау шаралары жүзеге асып жатқанын жеткізді.

Өткен оқу жылының соңында оқушыларға мектеп базасындағы компьютерлер мен ноутбуктер таратылған болатын. Дегенмен, 25 мамырда оларды қайта қабылдап алғандағы жағдайлары көңіл қуантарлықтай болмағаны өкінішті. Биылғы оқу жылында 407 отбасыға компьютер берілген.

№ 8 қазақ гимназиясында өткен қабылдауға келген тұрғын облыстық білім бөлімінің басшысына өзінің үйде отырғандығына байланысты кішкентай баласын № 12 «Салтанат» балабақшасына қабылдамай отырғанын айтты. Бөбектерді балабақшаға қабылдау барысында алдымен ата-анасының екеуі де жұмыс істейтіндерді қабылдайтынын, алдағы



Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

уақытта осы балабақшадан үш кезекші сыныптың ашылатынын айтқан Жеңіс Едігеулы тауарлардың қызметі мен сапасын бақылау мекемесі рұқсат берсе төртінші топты да ашу жоспарда барын жеткізді.



ҰЛТТЫҚ ЖАҢҒЫРУДЫҢ БАСТАУЫ

Қазақстанның тарих сахнасынан ойып тұрып орын алып, Тәуелсіз ел болып құрылғанына келесі жылы 30 жыл толайын деп отыр. Қазақстан – бүгінде Еуразияның жүрегіне орналасқан, тату-тәтті өмір сүріп жатқан көпұлтты мемлекет. Аз уақыттың ішінде еліміз бізден едәуір уақыт бұрын тәуелсіздіктерін алған мемлекеттерді қуып жетіп, спорт, білім, ғылым, мәдениет, өнер жағынан әлемнің алпауыт елдерімен терезесі теңеле түсуде. Татулық пен бірлікті алға тартқан Елбасы Н. Назарбаев көш бастап, Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев ісін жалғастырып, Қазақстан бүгінде Орта Азиядағы дамушы елдерден алда келеді.

Тәуелсіздік шын мәнінде қазақ халқының ұлт ретінде жаңғырып, егемендік құндылықтарын қалыптастырудың бастауы болды. Әлемдік деңгейде спорттық жарыстарды ұйымдастырып, мықты деген елдердің ұйымына төраға болып, дүние жүзіне аты әйгілі, өзінің қандай ел екенін уақыт өткен сайын дәлелдей түсуде. Тәуелсіздігін алған күннен бастап Қазақстан дамуында жаңа сатысына көтеріліп, талай биік белестерді бағындырып келеді. Өзге елде жалауымыз көк аспанда желбіреп, рухымызды асқақтар айбынды әнұранымыз шырқалғанда әрбір қазақстандықтың жүрегінде еліне деген мақтаныш сезімі орнайды.

Ширек ғасырға жуық уақыт ішінде Қазақстан әлемге танылып, тар жол тайғақ кешу мен ұлмат қиын-қыстау кезеңдерден сүрінбей өтіп, жана деңгейге қол жеткізді. Алтай мен Атыраудың арасын жайлаған тәуелсіз елді әлем таныды. 1991 жылы еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін бірден аяққа тұрып кетпегеніміз бәрімізге аян. Әлемге беймәлім елдің болашағы бұлыңғырлау көрінгені рас. Бірақ қазақ халқы еш уақытта мойынған жок, мойымайды да. Елбасы айтпақшы, «Тәуелсіздік алған тұста бұрынғы Кеңес Одағының соңында қалған республика болатынбыз. Экономикамыз әлсіз, қолда бар өндірістер мен зауыттар әбден ескірген. Мұғалімдер мен дәрігерлерге жалақы, зейнеткерлерге зейнетке қарай берудің өзі қияметтің қиыны болатын». Десе де, қиын-қыстау шақты артта қалдырып, дамуың даңғыл жолына түстік.

Қаншалықты биікті бағындырғанымызды білу үшін, артымызға көз салсақ жеткілікті. 30 жыл ішінде Қазақстанның алған асуы мен жеткен белесі аз емес. Осы тұста Елбасының жыл сайынғы халыққа жолдауы мен түрлі жиында сөйлеген сөзінде келтірілген деректер арқылы тәуелсіздік алғаннан бергі 30 жылда жеткен жетістіктің бірқатарына шолу жасауды жөн санап отырмын.

Бірнеше аса маңызды бағдарламалар жүзеге асты: 2010-2014 жылдарға арналған индустриялық даму бағдарламасы, 2020 жылға арналған бизнестің жол картасы, «Мәдени мұра», «100 мектеп, 100 аурухана», «Дипломмен ауылға» бағдарламалары.

Ата Заңның 37-ші бабына «Қазақстан Республикасының азаматтары тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасауға, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауға міндетті» деген тармақ енгізілген; 1998 жылды Халық бірлігі және тарих жылы деп атап өттік; «Қазақстан-2050» стратегиясында да Отан тарихымыздың маңыздылығын және Отан тарихын паш ету арқылы әлемге Қазақстанды танытамыз деген көсемдік көзқарасын білдірген еді. Ал «Мәдени мұра» бағдарламасы осы бір тарихи мақсатқа жетудегі алғашқы нақты кадам деп есептеуге болады.

Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайында сөйлеген сөзінде Елбасы «Мәдени мұра» бағдарламасы турасында: «100-ге тарта тарихи-мәдени нысан жаңғыртылып, оның 73-інде қалпына келтіру жұмыстары аяқталды. Шетелден тарих пен мәдениетімізге қатысты 5 мыңнан астам құнды деректер табылып, көшірмелері елімізге әкелінді. Әлемдік ақыл-ойдың ең озық үлгілері қазақ тіліне аударылып, олар том-том кітап боп жарыққа шығып жатыр. Бұл құндылықтар келешекте жастардың бойына ұлттық санын сіңіруге жол ашады. Ұлттық фольклорымыз «Бабалар сөзі» деген атпен 100 томға жинақталып жарық көрді. Сонымен қатар әр қиырда шашылып жатқан ұлттық музыкалық мұрамыз да жинақталды» деген дерек келтірді.

►► 5-бетте



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН: ІС-ҚИМЫЛ КЕЗЕҢІ

МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ РЕФОРМАЛАР



Тікелей Президентке бағынышты Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі мен Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі құрылады



2021 жылы шенеуніктердің санын 25 пайызға қысқарады



2021 жылғы 1 шілдеден бастап мемлекеттік қызметшілердің құлшынысын арттырып, жауапкершілігін нығайтатын қызметті бағалаудың балдық-факторлық жүйесі енгізіледі



«Бәйтерек» және «ҚазАгро» холдингтері біріктіріліп, штат саны 50 пайызға қысқарады

SARYARQA-АҚПАРАТ

ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНДА АУЫС-ТҮЙІС БОЛДЫ

Мәжіліс депутаты Асылбек Смағұлов ҚР Орталық сайлау комиссиясының мүшесі қызметіне тағайындалды.

Бүгін Мәжілістің жалпы отырысында палата төрағасы Нұрлан Нығматулин Асылбек Смағұловтың кандидатурасын еліміздің Орталық сайлау комиссиясы мүшесі ретінде тағайындау туралы ұсыныс енгізген болатын. Депутаттар ұсынысты бірауыздан қолдады.

Смағұлов Асылбек Айжарықұлы 1970 жылы Ақтөбе облысы Ырғыз ауданында дүниеге келген. Заң ғылымдарының докторы, профессор.

ҚР ІІМ Қарағанды жоғары мектебін бітірген.

2000-2012 жылдары Қазақстан Республикасы қаржы полициясының академиясында қылмыстық құқық және криминология кафедрасының доценті, бастығы, академия бастығының ғылыми-зерттеу жұмысы жөніндегі орынбасары, академия бастығының оқу-әдістемелік жұмысын ұйымдастыру жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарған.

2012-2016 жылдары «Қазақстан Республикасының Заңнама институты» ММ директоры қызметінде болған.

2016 жылғы 24 наурыз айынан бастап «Нұр Отан» партиясынан VI сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты болып сайланды.

Бүгінгі күнге дейін Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі болды.

«ЕҢБЕК» МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНА 145 МЫҢНАН АСТАМ ЖАСТАР ҚАТЫСУДА

Азымдағы жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 145 мыңнан астам жас азамат Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының қатысушылары болды.

Оның ішінде 19,2 мың азамат колледждер мен жоғары оқу орындарының түлектері, деп хабарлайды ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметі.

Осы жылдың 8 айында 134,8 мың жас жұмыспен қамтылды, оның ішінде 76,1 мыңнан астам әлеуметтік жұмыс орындарына, жастар практикасына және қоғамдық жұмыстарға жіберілді. 4,5 мың жас еңбек нарығында сұранысқа ие дағдылар мен мамандықтар бойынша қысқа мерзімді оқуға жіберілді, ал 6,4 мың адам жеңілдетілген микрокредиттер мен қайтарымсыз гранттарға ие болды.

Сонымен қатар, жұмыс берушілерді еңбек тәжірибесі жоқ жастарды қабылдауға ынталандыру және еңбек нарығында жастардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында алғаш рет жұмыс іздеп жүрген түлектерге барлық меншік нысанындағы ұйымдарда қажетті еңбек дағдыларын үйрету үшін оларды жұмысқа орналастыруды көздейтін «Алғашқы жұмыс орны» жобасы іске асырылды.

КОММУНАЛДЫҚ САЛАДАҒЫ ДЕЛДАЛ ҰЙЫМДАРДЫ ЖОЮДЫ ҰСЫНДЫ

Мәжілістегі «Ақ жол» фракциясы атынан ҚР Премьер-Министрі атына депутаттық сауал жолдаған Мәжіліс депутаты Меруерт Қазбекова электр энергиясы нарығындағы жүйелі проблемаларды атады.

«Біздің депутаттық сауалымызға «Ақ жол» партиясы бірнеше мәрте атап көрсеткен электр энергиясы нарығындағы жүйелі проблемалар себеп болып отыр. Бұл проблемалар электр энергиясын өндірушілерде де, энергия таратушы да, энергиямен жабдықтаушы да ұйымдарда бар, – деді Меруерт Қазбекова Мәжілістің бүгінгі жалпы отырысында.

Оның айтуынша, электр энергиясын өндірушілерге стансалар үшін электр энергиясына арналған бағаны мемлекеттік реттеу енгізілген. Шекті баға стансалар тобына байланысты 1 кВт/сағат үшін 2-ден 14 теңгеге дейін ауытқып отырады. Құрамында бірнеше станса, оның ішінде ГРЭС-1 мен ГРЭС-2 кіретін «Самұрық-Энерго» ірі электр өндіруші саналады. Осы компания электр энергиясы және бәсекелестік туралы заңдарды бұза отырып, ГРЭС-1 өндіретін құны 1 кВт/сағаты 5,76 теңге болатын арзан электр энергияны емес ГРЭС-2 өндіретін құны 7,31 теңгелік энергияны кәсіпкерлерге сатып отыр.

«Бұған қоса, мемлекеттік компания электр энергиясын тікелей емес жеке дедал энергиямен жабдықтаушы ұйымдар арқылы сатады. Мәселен, жария орналастырылған ақпараттарға сәйкес, «Қазақстан темір жолы» АҚ жыл сайын тікелей ГРЭС-1 мен ГРЭС-2-ден емес жеке энергиямен жабдықтаушы ұйымдардан электр энергиясын сатып алады. Ал «Самұрық-Қазына» қорының сатып алулар туралы ережесі ҚТЖ-ға электр энергиясын конкурссыз-ақ қор тобына кіретін аталған стансалардан тікелей сатып алуға мүмкіндік береді, – деді депутат.

Осыған орай «Ақ жол» фракциясы Үкімет атына бірнеше ұсыныс жасады.

«Ақ жол» фракциясы осыған орай ашықтық пен бәсекелестік тетіктерін енгізу арқылы энергетика нарығының моделін түбегейлі қайта қарауды; ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарға делдалдар арқылы электр энергиясын көтерме сатып алуға тыйым салуды; Электр энергиясы мен қуаты нарығының қазақстандық операторы» АҚ арқылы ең төменгі көлемді бекітіп, ашық электронды саудада электр энергиясын сату көлемін арттыруды; тұтынушылар үшін электр энергиясына арналған тарифті төмендету мақсатында энергия таратушы ұйымдарды ірілендіру бойынша нақты шараларды әзірлеуді; коммуналдық кәсіпорындарды басқару бойынша барлық делдал мемлекеттік ұйымдарды жоюды ұсынады, – деді ол.



ТӘУЕЛСІЗДІК ЖИЛДАРЫ ҚАЗАҚСТАН

ТӘУЕЛСІЗДІК – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Тәуелсіздік – қазақ халқының отаршылдық жылдарды аңсаған арманы. Патшалық және Кеңес империясының күйреуінің алғы-шарт себептерінің негізі қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілістері болғаны айдай анық. Патшалық империя қазақты саяси-экономикалық езгіге салса, Кеңес империясы қазақтың ұлттық болмысынан ажырауына барлық күшін салды. Кеңес империясы патшалық орыстандыру саясатын жалғастырып, қазақ жерінде кокан-лоқы әрекеттерді іске асырып отырды. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс пен 1986 жылғы «Желтоқсан ызғары» екі империяның жойылуына әкеліп, қазақтың бостандыққа, ел егемендігіне деген еңсесі өзіндік қасиетін жоғалтпай, батыл қадам нәтижесінде азаттыққа қол жеткізгені тарихи шындық.

1991 жылы Қазақстан Республикасы ғасырлар бойы аңсаған өз алдына Егеменді де Тәуелсіз мемлекетке айналды. Тәуелсіздік – Елбасы атап өткендей, халқымыздың бостандығы мен дербес даму жолындағы сан ғасырлық күрес тарихының нәтижесі, бабалар арманынан туындаған, бүгінгі ұрпақ қол жеткізген ұлы жеңіс.

1992 жылы Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшесі атанып, Тәуелсіз мемлекеттік рәміздерін — Әнұран, Елтаңба және Туды нақтылаған, «ҚР мемлекеттік туы», «ҚР мемлекеттік елтаңбасы», «ҚР мемлекеттік әнұраны туралы» заңдар қабылданды.

Сол жылдары Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері мен әскери теңіз күштері құрылды.

1993 жылдың 28 қаңтарында Жоғары Кеңес Қазақстан Республикасының тұңғыш Ата Заңын қабылданып, қазақ тілі мемлекеттік тіл болып, ұлттық валюта енгізілді.

1995 жылы 30 тамызда жалпыхалықтық референдум негізінде Қазақстан Республикасының бүгінгі Конституциясы қабылданып, 5 қыркүйекте күшіне енді. 1996 жылдан бастап Қазақстан Америка құрлығының барлық 35 мемлекетінің басын біріктіретін ірі өңірлік ұйымға тұрақты бақылаушы мемлекет атанды. 1997 жылы 20 қазанда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның жаңа астанасы Ақмола қаласы болғанын ресми түрде жариялады. Осы жылдың 8 қарашасында Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін Алматы-

дан Ақмолаға шығарып салу салтанатты рәсімі өтті. 2010 жылы Қазақстан өзін бейбітшілдік, толерантты және тату мемлекет ретінде тағы бір мәрте дәлелдеді. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының бірінші төрағасы ретінде тарихқа енді. 2017 жылы Қазақстанда алғаш рет «ӘКСПО» көрмесі ұйымдастырылды. Аталған көрме 10 маусым мен 10 қыркүйек аралығында Астанада өтті. Оны тамашалауға әлемнің түпкір-түпкірінен 3 миллион адам келді. Ал көрмені өткізуге 115 мемлекет пен 22 халықаралық ұйым қатысты. 2018 жылы Қазақстан БҰҰ қауіпсіздік кеңесіне төрағалық етті. Төрағалық барысында Орталық Азия мен Ауғанстан бойынша құжат қабылдау әрекеттері жасалды. Отыз жылдың ішінде қазақ елі – әлемдік қоғамдастықта жауапты да құрметті әріптеске айналды. Қазіргі таңда елімізде болып жатқан саяси реформалар еліміздің жаңа формацияға өтуінің нақты көрінісі. Болып жатқан сайлаулар доллар, жас буынның саясатқа араласуы болашаққа деген үлкен үміт пен сенім туғызуда.

Қазақ халқының «Отан отбасынан басталады» деген даналығы Тәуелсіздігіміздің тұжырымдамасы, «Малым –



жанымның, жаным – арымның садағасы» дегені мемлекеттік биліктің негізгі қағидасы болуы тиіс.

«Мың өліп, мың тірілген» халқымыз, ақ бектің күшімен, ақ найзаның ұшымен елін қорғаған бабалар рухын жалғастырып, Тәуелсіздігімізді қастерлеп, ел үшін аянбай еңбек етуіміз міндет.

Хансейт БӨЛЕН, Жезқазған қалалық мәслихатының депутаты

Infographic titled 'Жолдауы 2020' (Address 2020) by President Qasym-Jomart Tokayev. It lists four key goals: 1. 'Жыл соңына дейін өңдеу өнеркәсібін дамытудың қағидаттарын, мақсаттарын мен міндеттерін белгілейтін «Өнеркәсіп саясаты туралы» бірізді заң әзірленуі тиіс.' 2. 'Ауыл шаруашылығын дамытпай, бәсекеге қабілетті экономика құру мүмкін емес.' 3. 'Алдымызда тұрған міндет – 2025 жылға дейін 24 мың шақырым жолды, яғни республикалық маңызы бар жолдардың бәрін қайта жөндеп, жол бойындағы қызмет көрсетумен қамтамасыз ету.' 4. 'Мемлекеттік құрылымдардың кәсіпкерлік қызметке кез келген заңсыз араласуы, бизнесмендердің жұмысына кедергі келтіру мемлекетке қарсы жасалған ауыр қылмыс ретінде бағалануы керек.'

2020 жылғы 12 ақпанда Қазақстан Республикасының Президенті «Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы жыл сайынғы Жарлыққа қол қойды.

АЗАМАТТАРДЫ МЕРЗІМДІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ

Жезқазған қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 19 мамырдағы №18/04 Қаулысы негізінде Жезқазған қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы бастығының 2020 жылдың күнінде азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» бұйрығы шығарылды.

2020 жылдың күнінде 120-дан астам әскерге шақырушыларды әскерге шақыру жоспарланды.

Осы уақытта ҰҚК Шекара қызметін және Ұлттық ұланды жасақтау жоспарлы түрде жүргізілуде.

Осы шақырудың ерекшеліктерінің бірі жүргізу мерзімдері болып табылады. Осымен 2020 жылғы 30 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Президентінің № 312 Жарлығымен азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу мерзімдері маусым айынан тамыз айына дейін ұзаратылды, өйткені еліміздегі төтенше жағдайдың әрекеті кезеңінде әскерге шақыру және медициналық комиссиялардың жұмыстары тоқтатылды.

Бұл ретте әскерге шақырушылар және Қарулы Күштерін жасақтауға тартылған лауазымды тұлғалар арасында коронавирустық инфекцияны енгізілуін және таралуын ескерту, алдын алу шараларын күшейту мақсатында жаны әскерге шақыру пункттердің қіреберіс жерлерінде медициналық посттар фильтрлер орналастырылады. Жас буында салтанатты шығарып салулар тоқтатылды.

Сонымен шақырудың негізгі тапсырмасы әскерлерді денесі сау және моральды даярланған жастармен жасақтау болып табылады. Осыған байланысты шақыруды жүргізу үшін жергілікті атқарушы органдар әскерге шақыру және медициналық комиссияларды құрайды, оның төрағасы әкім орынбасары ал медициналық комиссияның төрағасы денсаулық сақтау басқармасы бастығының орынбасары болып табылады. Көрсетілген комиссияның қабылданған шешімінің негізінде біздің жастар әскерге жолданады.

Әр әскер түрлерінде белгілі бір талаптар бар, сол талаптар бойынша әскерге шақырылушы қандай әскери бөлімдерде қызмет өткеретіні белгіленеді: Мысалға, Қорғаныс министрлігі Ұлттық университетінің әскери-ғылыми взводын жасақтау үшін – IT мамандықтары, сондай-ақ әскерге шақырылушының денсаулық жағдайы маңызды, ал десанттық әскерлері және арнайы тағайындалған әскерлер үшін бойынша параметрлері

170 см төмен емес сияқты әскерге шақырылушының дене бітімдері маңызды, спортшыларға талдау беріледі.

Әскерге шақырылғаннан және әскери бөлімдерге келгеннен кейін оларды екі апталық карантинге оқшаулай отырып жас буынға ПТР-зерттеу әдісімен COVID – 19-ға зертханалық зерттеу жүргізіледі. Карантин кезінде жас буынға медициналық тексеру және әлеуметтік-психологиялық зерделеу, сондай-ақ, бастапқы әскери дайындық жүргізіледі. Әскерге шақырылғандардың бөлігі 6 ай ішінде мынадай әскери мамандықтар бойынша оқуды өтеді: БТР, БМП танк механик-жүргізушісі, артиллериялық және миноатқыш қаруларының командирлері және көздеушілері, инженерлік қамтамасыз ету мамандықтары, Қарулы Күштері оқу орталықтарында байланыс мамандары. Оқу аяқталысымен олар мамандар ретінде әскери бөлімдерге жолданып болады.

Бұдан басқа негізгі дағдылардың арасында әскер жас адамдарды тәртіпке, жауапкершілікке, өздігіне үйретеді және дене күшіне шыдамдылыққа ие болады.

Әскерде берік достастық, бауырластық танылады, әскери қызметшілер топпен жұмыс жасағанды, оқу жағдайларында қиын-қыстау жағдайларда тапсырмаларды орындауға, тез ойлануға және шешім қабылдауға үйренеді, олар әскери қару-жарақты қолдануда, күрделі әскери техниканы пайдалануда техникалық дағдыларға ие болады.

Бұл ретте орта-техникалық немесе жоғары білім бар әскери қызметшілер мерзімді әскери қызметін 6 айын өткергеннен кейін келісімшарт бойынша әскери қызметке түсуге құқықтары бар. Атап айтқанда, егер әскерге шақырылушы өзінің өмірін әскери қызметпен байланыстыруды жоспарласа, онда ол келісімшарт бойынша қызметке жарты жылдан кейін-ақ кіре алады.

Сондай-ақ, шақыру кезінде азаматтар әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға және босатуға құқықтары бар.

Мерзімін кейінге қалдыру негіздері бойынша беріледі:

- отбасы жағдайы бойынша; білімін жалғастыру үшін; денсаулық жағдайы бойынша; басқа себептер бойынша мысалы; 4.1. оқытушыларға жұмысының барлық кезеңіне; 4.2 ауылды жердегі дәрігерлерге;

ЖЕРЛЕСІМІЗ – «АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ ӘКІМШІЛІГІНІҢ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ



«Астана» халықаралық қаржы орталығының әкімшілігі АҚ басқарма төрағасы болып Ернұр Рысмағамбетов тағайындалды.

Ернұр Бүркітбайұлы Рысмағамбетов 1986 жылы 28 сәуірде Жезқазған қаласында дүниеге келген.

Калифорния технология университеті мен Лондон университеттік колледжінің түлегі, қаржы анализі маманы (CFA Charterholder).

2017-2019 аралығында АХҚО Үздіксіз кәсіптік даму бюросы (AIFC BCSD) директоры болып жұмыс істеді.

2019 жылдан бастап – «АХҚО Әкімшілігі» АҚ басқарма төрағасының орынбасары.

JР Morgan Chase инвестициялық банкі мен Wilshire Associates, Inc инвестициялық компаниясының аналитикалық бөлімдерінде еңбек етті.

2017 жылы «100 жаңа есім» жобасының бірінші топқынына енді.

2020 жылы Президенттік жастар кадр резервіне енді. Анықтамалық ақпарат: «Астана» халықаралық қаржы орталығы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен «Бес институционалды реформаны іске асыру бойынша 100 нақты қадам» Ұлт жоспары аясында құрылды.

2020 жылдың 2 шілдесінде АХҚО Басқару кеңесінің отырысы аясында Орталықтың 2025 жылға дейінгі даму стратегиясы қабылданды.

Құжатқа сай, АХҚО Орталық Азия, Кавказ, ЕАЭО, Батыс Қытай, Моңғолия мен Шығыс Еуропа елдеріндегі алдыңғы қатарлы қаржы орталығы болып қалыптасу көзделген.

АХҚО міндеті – өңірдің ұзақмерзімді тұрақты дамуына ықпал ету. Мемлекет басшысы атап өткендей, «АХҚО өзінің теңдессіз мүмкіндіктерімен өңір елдерін байланыстырушы ерекше платформаға айнала алады». АХҚО-ның тұрақты дамуының стратегиялық бағыттары жабық циклді экономика, қаржы технологиясы мен «цифрлық қаржы орталығы» дамытуды қамтиды.

4.3 олардың күзрет мерзімдеріне Парламент немесе жергілікті өкілетті органдардың депутаттарына;

4.4 тергеу жүргізіліп жатқан тұлғаларға;

4.5 азаматтық әуе кемелерінің ұшу экипаждарының мүшелері, азаматтық авиация инженерлерін, механиктеріне және техниктеріне;

4.6 кеме экипаждарының мүшелеріне

4.7 құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарына алғашқы кәсіби дайындықтан өтіп жүрген тұлғаларға.

Маңызы аз емес жаналықтың бірі мерзімін кейінге қалдыруға құқығы бар әскерге шақырылушылардың санаттары кеңейтіледі. Атап айтқанда, мерзімін кейінге қалдыру енді қосымша беріледі;

– оқытушыларға жұмысының барлық кезеңіне;

– құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарына алғашқы дайындықтан өтіп жүрген тұлғаларға.

Әскерге шақыру немесе мерзімді кейінге қалдыру бөлігінде барлық сұрақтар бойынша кеңес жүргізу үшін Жезқазған қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы жауапты лауазымды тұлғалар азаматтарды толғандыратын барлық сұрақтарды түсіндіреді және түсіндірме береді.

Сонымен қатар, әскер қатарына шақырылған азаматтарға Қорғаныс министрлігінің басшылығы жағынан әскери қызметінің қауіпсіздігіне үлкен назар аударылуына ықпал ететін әскери прокуратурамен, сондай-ақ әскери полиция органдарымен бірлесіп отырып, әскери ұжымда саулауы органы орнату үшін жүйелі жұмыс жүргізіледі.

Қазарманың әр жайғасы орындарына, штабта, асханада БӨП, клубта барлық деңгейдегі басшылық құрамының, соның ішінде қызметтік телефоннан қонырау шалу үшін қолжетімді сенім телефондары туралы ақпарат орналастырылған. Әскери қызметшілердің қызметтік әрекеттегі мәселелер туралы әр уақытта оларға қонырау шалуға немесе СМС – хабарлама жолдауға мүмкіндіктері бар. Әр келіп түскен сигнал бойынша мәселелерді тексеру және жою бойынша, сондай-ақ, осындай оқиғаларды алдағы уақытта болдырмау үшін алдын алу бойынша қажетті жұмыс жүргізіледі.

Жезқазған қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!



Мезгілден шығарып, тыныс-тіршілігімен танысып, жерсіздіктің ітқыруы арқымен көмек көрсетуді мақсат еткен алар адымен «Ютария» ІІВ өндірістік-инновациялық компаниясын аралып, жеңіл өнеркәсіп саласы мамандарымен жүздесіп, жұмыс барысымен танысты.

ОБЛЫСТЫҚ КОМИССИЯ ЖОЛДАУДЫ ТҮСІНДІРДІ



– Ведомствоаралық комиссияның Жезқазған, Сәтбаев, Қаражал, Жәйрем өңірлеріне арналған сапары нәтижесінде осы аймақтардағы халықтың әлеуеті анықталып, болашақта атқарылуға тиісті жұмыстар тізімі әзірленеді.

Бүгінгі біздің сапарымыздың негізгі мақсаты – Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың ай басында Қазақстан Халқына жолдаған Үндеуін кеңінен түсіндіріп, насихат жұмыстарын жүргізу. Жолдауда білім-ғылым, денсаулық, салаларын дамытып, жастарға қолдау көрсету мәселесі де орынды сөз болды. Сонымен қатар, Жолдауда Мемлекет басшысы пандемия салдарынан күрделі кезеңді бастан өткерген шағын және орта бизнеске қолдау көрсету жолдарын да айқындап берді, – деген Қарағанды облысы ішкі саясат басқармасының басшысы Ерлан Құсайын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» ұстанымы туралы да толығырақ тарқатты.

Одан әрі «Диалог» телераионы мен Жезқазған қалалық полиция басқармасына барған комиссия мүшелері облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Ерлан Құсайын мен Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясының Қарағанды облысы бойынша филиалының директоры Серікжан Байбосынов Жолдаудағы 11 бағытты толыққанды түсіндіріп берді.

Ақинет ТАҒЫБЕРГЕН

НАҚТЫ ӘРЕКЕТ ЕТЕТІН КЕЗ КЕЛДІ



Өлемдік пандемия, енгізілген карантин мен локдаун кезеңінде біздің еліміз сынақ белдеуінде шыр айналып жүргендей көрінді кей кездерде маған. Ауыр індет салдарынан дүние жүзінде барлық мемлекеттер әбігер күйге түсіп жатқан шақта халықтың енесін тіктеп, жігерін шынайыдан білікті басына жана елді алға жетелері анық. Осы тұста Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың еңбегі орасан дер едім. Ел экономикасының біржолата тоқтап, күйремеуі үшін жанын сақтап жүрген Президентіміздің күздің алғашқы күндерінде жариялаған Жолдауы көпшіңді жүрген көп күлдіктей сөйлесті, жақын кездер мен жарқын болашақ деген үмітін оятқандай болды.

11 тараудан тұратын Президент Жолдауында біраз маңызды мәселелер туралы сөз қозғалды.

Қасым-Жомарт Кемелұлы әртарапандырылған экономика құру, оны заманауи технологияға негіздей отырып, жүзеге асыру керек дей келе, сөзден іске көшу керектігін нақты атап өтті. Несін жасырамыз, қазір экономикамыздың басым бөлігі шикізат секторына тәуелді. Ал оның үлесін азайту, алдымен, ғылым-білім саласын, шағын және орта бизнесті дамыту қажет. Осы тұрғыда мемлекеттік құрылым да, әлеумет қозғарыса да өзгеруі тиіс. Яғни, әрбір азамат өзгерісті өзіннен бастауы керек.

Мемлекеттік секторда күрделі өзгерістер жоспарлануда. Тікелей Президентке бағынышты Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі құрылды. Осы тұста жауапты хатшылар институтына арнайы тоқталым келеді. 2021 жылы шенеуніктердің санын 25 пайызға қысқарту жұмыстары жүргізілмек. Менің пайымымша, мемлекеттік қызметке көшті ілгері жетелейтін, прогрессивті, озық ойлы мамандар керек. Ал оңдай азаматтар мемлекеттік қызметтегі түрлі қиындықтарға, олардың табыс көлемінің аздығына байланысты бұл іске аса

құлықтылық танытпайды. Сондықтан шенеуніктердің санын 25 пайызға қысқартып, олардан үнемделген қаржыға мемлекеттік қызметшілердің айлық табысын көбейту арқылы жаңа идеяларға бай озат мамандарды білікке араластырамыз – сөз ұтымды шешім болар еді. Аймағымызда мемлекеттік қызметшілерге деген сұраныс артып, олардың ыңғайына қарай жағдай жасалса, Жезқазғаннан ағыла кетіп жатқан жастардың да саны азырақ еді деп ойлаймын.

Экономиканың әртараптануы адам капиталын дамытудан бастау алады. Бұған байланысты Жолдауда білім беру және денсаулық сақтау салаларына да қолдау көбейтілді баяндалған. Атап айтатын болсам, 2025 жылға дейін 6 жасқа дейінгі бүлдіршілдерді мектепке дейінгі тәрбиенен және оқумен 100 пайыз қамтамасыз етілуі бала тәрбиелеп отыратын мен үшін де өте қолайлы болар еді. 2025 жылға дейін жалпы ішкі өнімдегі шағын және орта бизнестің үлесін 35 пайызға жеткізу үшін, мектеп табылдарынан бастап «Кәсіпкерлік негіздері» пәні оқылатын болады. Ал ол өз кезегінде кәсіпкерлердің жаңа буынын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жылдың соңына дейін еліміздің

түрлі аймақтарында 13 жұпалы аурулар ауруханасы салынады. Соның біреуі – Жезқазған қаласында. 200 орынға шақталған модульді стационар ғимаратының соңғы үлгідегі медицина құрылыстарымен қамтамасыз етілуі – аймақ халқы үшін қуанышты жайттың бірі.

Жолдауда реформалау шаралары, республикалық маңызы бар жолдардың жөндеуі, халықтың баспана мәселесін шешуге арналған жаңа жобалар жайында да сөз қозғалды. Көптен қордалған күрмеулі мәселелердің шешімдері қарастырылды.

Мен өз елімді сүйетін азамат ретінде халықтың игілігіне жайратын кез келген жүйелі іске қолдау танытуға әзірмін. Мемлекет басшысы атаған «Жауапты мемлекет – жауапты қоғам – жауапты адам» жүйесі ерік жолында менде талмай сөбік ететін болдым. Мол тәжірибеге ие алдыңғы буын ағалар мен олардың жолын жалғайтын жалынды жастар барында еліміздің енесі биіктеп, егемендігіміз бен еркіндігіміз мәңгі жасарына сенімім кәміл.

Ақсері СҮЛЕЙМЕНОВ, «Жарқын ақыл» білім және даму орталығының директоры

ЖАСТАРДЫҢ ПІКІРІН ТЫҢДАДЫ

Өткен сәрсенбіде қала әкімі Қайрат Әбсаттаров мысты шаһардың жастарымен жүздескенді эсон көрді. Ел болашағының негізгі қозғалушы күші саналатын жастардың алғашқы шебінде жезқазғандықтардың да көш бастап жүргенін көргісі келетінін жеткізіп ол жыныды көз үйренген кездесулерден бөлек форматта өткізді.



Қала әкіміне кездесу алаңы ретінде таңдалған «Жарқын ақыл» білім және даму орталығы мен орталық атқарған жұмыстарды таныстырған Ақсері Сүлейменов жылыға келген жастар туралы да кеңірек мағлұмат берді.

– Жастар тарапынан айтылған ұсыныстар өте мол. Осыдан 1 жыл бұрын қаланың бұрынғы әкімі Қайрат Бегімов мырзамен жолыққандыққа қала жастарына коворкинг орталығы керектігін айтқан болатымын. Сөзім жерде қалмай С.Сейфуллин атындағы орталық кітапхана ішінен коворкинг орталығын ашылу. Бүгінде жастардың айтар бұйымтайы баршылық, – деген Ө.А.Байқыров атындағы Жезқазған университеті гуманитарлық-педагогтік институты директорының орынбасары Арман Кенжебек те өз ұсыныстарын ортаға салды.

Ө.А.Байқыров атындағы Жезқазған университетінің бүгінгі хал-жайы көңіл көншілетінін, студенттер санының жылдан-жылға азайып бара жатқанына хабардар болған Қайрат Бектайұлы бұл мәселені негізгі астарына үңіліп, себебіне кеңінен үңілді.

2015 жылдан бері Жезқазған университетіне «Мәңгілік ел жастары – индустрияға!» – «Серпін – 2050» әлеуметтік бағдарламасы аясында жүзден аса оңтүстік пен батыс өңіріндегі жастар оқуға келетін, бытырған бері олардың саны күрт азайған. Осылайша мемлекеттен бөлінген грант толық игерілмей қалауда. Аталған бағдарламамен оқуға түскен қарасы бытып тілен аз. Бұған жылдағы дәстүрмен аймақ аралап, студент жинайтын қабылдау комиссиясы жұмысының қарантине байланысты тек онлайн түрде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуі де себеп бола керек-ті. Бұл мәселе бойынша қала әкімі университеттің алдағы бесжылдыққа құрған даму жоспарын сұрап, нақты нәтижелі іс-қимылға көшу керектігін ескертті.

Кездесу барысында Қайрат Бектайұлы жастарға түрлі бағыттар бойынша тосын сұрақтар қойып отырды. Қаламыздағы мектеп, колледж, университет жастарының негізгі айырмашылықтарын сұраған ол уақыты дұрыс ұйымдастырылмаған, басбұзар жастар осы үш оқу орнының қайсысына көп тиесілі екенін сұрап, жастардың ойын тыңдады.

Одан әрі қаламызда қоғамдық іс-шараларға белсене қатысушы және волеунтерлікпен айналы-

сатын 10 жастар ұйымы барын айтты, олардың бүгінгі әлеуеті қандай екеніне тоқталды. Өздері жетекшілік ететін «Jas 100+» жастар қанатына мүше 1000 жастың 100-ін, «Бірлік» жастар ұйымындағы 100 жастың 35-ін ғана бүкілқалалық сенбілік санды шараға алып шығатынын естіген ол бұл жағдайда оларды жастар ұйымы деген атақ толыққанды лайық көрмейтінін айтты.

Кездесу барысында Қайрат мырза жұмыс істейтін жастардың уақытын тиімді пайдалану, соның ішінде корпорацияның қол астында жұмыс істейтін жастардың да жағдайына, олардың көзқарастары мен бос уақыттарын қалай пайдаланатына қызығушылық танытты.

Жастардан студенттерге Жезқазған мен Сәтбаев қалалары арасында қатынайтын жеке автобус ұйымдастыру, Жезқазған-Қызылорда та жолын жөндеу, психологиялық қабылдау кабинеттері мен мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған орталықтар ұйымдастыру сынды ұсыныстар естіген Қайрат Бектайұлы қозғалған мәселелер бойынша жан-жақты сараптамалық жұмыстар жүргізіле отырып, шешімін табатынын жеткізді.

– Мен алғаш келген күннен бастап «ашықтық» саясатын ұстанатынымды жеткіздім. Сол бағыттымен танбақ еместің. Ия, қалада өзге аймақ жастары түгілі, өз жастарымызды ұстап тұратындай көз қызықтырарлық әулім де сәнді ғимараттар аз. Жезқазғанның қай тұсынан кірсен де құлазыған қала кейіпін тап боласың. Мен бұл қаладан 1998 жылы жұмыста жашай қысқарту болған кезде қоныс аударып кеткен болатымын. Жастық шағым осы жермен тығыз байланысты. Мектепті бітірген сон да, осындағы политехникалық институтта білім алдым. Сол кезде бұл оқу ордасы қазіргі таңда еліміздегі техникалық оқу орнындағын көшіп бастап тұрған университеттермен текетірес алатындай үлкен абыройға не еді. Жүрген жеріме әрдайым Жезқазғанмен мақтаным жүретімін. 22 жылдан кейін туған жерге орғанымда сурқы қанып, қажып-қалжыраған қалаға тап болғандай болдым. Қала тіршілігімен танысып. Алдағы уақытта Жезқазғанға да сіздер қызығып қарайтын Нұр-Сұлтан, Алматы сынды қалалардағы жағдай орнатуға бар күшімді саламын, – деген Қайрат Бектайұлы жыныды өзі қорытындылап, жастарға сәттілік тіледі.

Ақинет ТАҒЫБЕРГЕН



ЖЕТИСТІКТЕР АЗ ЕМЕС

Қаңшама батыр бабаларымыздың қанымен, жанымен келген аса қадрлі Тәуелсіздігімізді 1991 жылдың 16 желтоқсанында ұлан-байтақ жерімізге қайдам басуымен Қазақстан Республикасы атты мемлекеттің таздыры мүлде басқа арнаға бұрылды. Шекаралық шегенөзді, іргеміз бүтінделді, шаңқарымыз тікелініп, кереметі кейнеді. Әлем қарсаңында көлемі бойынша 9-орынды алатын алпауыт ел пайда болды. Бұл өзгерістер Қазақстан спортына да қатты әсер етті.

Байқап қарасаңыз, Тәуелсіздікке қолымыз жетпей тұрған уақыттарда қазақ спорты айтарлықтай алда емес еді. 1980 жылы Мәскеу олимпиадасында алғашқы қазақ чемпионы атанды. Осынау ұлы қуанышты сыйлаған – грек-рим күресінің шебері, жақында ғана дүниеден озып, келместің кесесіне ийенген Жақсылық Үшкемпіров ағамыз еді. Ол олимпиада жеңімпазы атанғанда дүниежүзі қазақтары бөріктерінің аспанға атып қуанды. Қазақ деген ұлттың қайтпаса қайсарлығына барша әлем тәнті болды. Жастардың жарқын болашаққа деген үміт шырағы тұтанғандай болды, қариялардың көздеріне қуаныштың жасы келді. Міне, содан бері жарты ғасырға тағарлық уақыт өтті. Келер жылы азаттығымыздың 30 жылғын тойламақпыз. Жылдар зырғып өтіп жатыр. Содан бері біраз нәрсе өзгерді.

Басқаларын қоя тұрып, алдымен өзім еңбек ететін спорт саласында сөз қозғайын. Еліміз спортшылары жазғы Олимпиада ойындарында 1996 жылдан бері жалпы 64 медаль жеңіп алды. Бұның 19-ы – алтын, 20-сы – күміс, 25-і – қола медаль. Бил жазда Жапонияда өтуге тиісті олимпиада індет салдарынан келесі жылдың шілде айына шегерілді. Қазақстандықтар қысқы Олимпиада ойындарына 1994 жылдан бері қатысып келеді. Бұл жарыста қазірге дейін жеті жүлде жеңіп алдық. Атап айтқанда, 1 алтын, 3 күміс, 3 қола медаль қанығамызға байланыды.

Қазақстан құрамасы Азия ойындарына 1994 жылдан бері қатысып келеді. Содан бері өткен алты кезекті Азияда еліміздің спортшылары жалпы 557 медальге қол жеткізді. Бұның ішінде 155 алтын, 158 күміс, 244 қола медаль бар. Ал, қысқы Азия ойындарындағы көрсеткішіміз мынадай: 69 алтын, 51 күміс, 44 қола, жиыны – 164 медаль.



Спорттың қай саласында болсын қазақстандық спортшылардың еңбектері ерекше. Расында, спорт деген – ұлы күш. Спорт арқылы еліміздің көп байрағы биікке желбіреп, Отанымызды бүкіл әлем таныды. Бүгінде бұрынғыдай олимпиада жеңімпазына таңырқап қараймыз. Құды жеңіс деген біз үшін үйреншікті жайт сияқты көрінеді. Жыл сайын ел спортында небір түрлі сайыпқыран спортшылар тәрбиеленіп шығуда. Осы тұста олардың бапкерлерінің де еңбектері өлшеусіз.

Сарқараның төсіндегі Жезқазған спортшының да даму қарқыны сүйіндірмей қоймайды. Жыл сайын мысты шаһар жастары түрлі бөйгерлерден оза шауып, алғашқы жүлделерді жеңіп алады.

1996 жылы алғашқы болып байдарка және каноэда есек есуден жезқазғандық Қайсар Нұр-

мағанбетов ағамыз Олимпиада ойындарына қатысты. Ол 2000 жылғы олимпиаданың да қатысушысы. Қос олимпиада да бесінші орынға не болды. Жаһанның түпкір-түпкірінен әлемнің мықтылары бас қосқан олимпиада да алғашқы үздік бестіктің қатарынан көрінуді өзін кез-келгенін қолынан келе бермесі анық. Азия ойындарының жеңімпазы атанған оның есімін бүкіл еліміз мақтанаш етеді. Бокстан Орта Азия ойындарының қола жүлдегерлері Абзал Адамбаев, бокстан әлем чемпионатының күміс жүлдегері Елдос Сайдалиев есімдерін де мақтанашпен айта аламыз. Соны жылдардағы Жезқазған спорты да жетістіксіз емес. Жас спортшылар Бағлан Ибрагимов самбодан Азия ойындарының жеңімпазы атанса, Дамир Байпаков Кувейтте өткен бокстан әлем чемпионатының қола жүлдегері атанды. Расында, тізе берек әлем долларын бағындырып жүрген жезқазғандықтар өте көп. Мен осы салада еңбек етіп жүрген азамат ретінде жас спортшыларға қолдау көрсетуді бір борышым ретінде есептеймін. Себебі, қолдау жастарды жігерлендіреді, алға жетелейді.

Шыңдығында, бұның бері – Тәуелсіздіктің арқасында орын алған жеңістер. Егемендігі жоқ елдің ұланы ешқашан енесін тік ұстай алмайтыны анық. Осы жолда азат күнімізді алып берген ата-бабаларымызға қарыздармыз. Ертеңгі күніміздің бұдан да жарқын, бұдан да ғажап болатынына үмітіміз мол. Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік, аспанымыз жасқа азыттығамыз айбынды болғай.

Саят БАЛМАҒАНБЕТОВ, «Жезқазған қаласының спортты дамыту орталығы» ҚБ төрағасы

ГОСПИТАЛЬ ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАЛУҒА ЖАҚЫН

Жезқазған қаласындағы аурухананың басшысы Орал Мазитов бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен кездесіп, Жезқазған медициналық орталығы жанынан салынып жатқан жаңа модульдік стационар құрылысы туралы баяндады.



Жалпы құны 7 млрд теңгеге құрайтын модульдік стационар 200 орынға шақталған. Оның 180-і – стационарлық төсек-орны болса, қалған 20-сы – қарқынды терапия төсегі ретінде ұйымдастырылған. Орал Мазитовтің айтуынша, аталған 20 орында аса ауыр жағдайдағы жан сақтау бөліміне түскен науқастар жатқызылады. Соған сай бұл бөлмелердің барлығы өкпені жазанды желдету аппаратымен жабдықталады. Аумағы 6 700 шаршы метрді құрайтын стационар сегіз қорытан тұрады. Стационардың басты ерекшелігі – медициналық газгольдерлер арқылы барлық палатаға оттегі тартылады. Сондай-ақ, әрбір палатаға КТ аппараты мен цифрлы рентген аппараты қойылады.

– Көп адамды алаңдатқан коронавирустың екінші толқынына барыны дайындық жүргізілуде. Коронавирус пен пневмония өршіген уақытта күніне 80 адамға дейін түскен кездер болды. Бұл

кезде құшы, ең алдымен, дәрігер мамандарға түсті. Алғашқыда аталған дерттің ортасына білек сыбана түсуге көбісінің жүрегі дауаламағаны рас. Жұмыстан бас тартқандар да болды. Жұмыс барысында бізде көп балалы немесе үйінде қарттары бар ақ халаттыларды коронавируспен күреске тартпауға тырыстық. Мен осы дертпен күресу жолында жанкешті еңбек еткен дәрігерлер қауымына алғысымды білдіремін. Олар қорғаныш киімін күю үшін бір сағат ерте тұрып дайындалатын. Танертен жұмысқа шыққаннан кешке дейін нәр татпай, осы киіммен жүрте мөжбүр болды. Себебі, жай көзділдіктің пешу арқылы да вирусты жұқтырып алу қаупі жоғары болды, – дейді Орал Мазитов.

Қаламыз бойынша аты жаман дертпен күрес жолында бір дәрігер қаза тапқан. Бүгінде алғашқыдай емес, COVID-19 дертіне шалдыққандар саны азайғанын жеткізген Орал Сафиұлаұлы



тәулігіне 1-2 науқастан түсіп отыратынын әрі олар аса ауыр жағдайдағы науқастар еместігін айтты.

Модульді стационардағы кадр мәселесі де шешімін тапты. Бүгінде резидентураны бітірген 15 жас маман аталған орталыққа келіп, қызметтеріне кіріспек. Олардың қатарында 8 инфекциялық, 3 реumatолог, 3 педиатр және 1 госпиталь эпидемиологі бар.

Қарағанды облыстық құрылыс басқармасының тапсырысымен «BI Group» ЖШС құрылыс компаниясы салып жатқан модульді стационардың құрылысы қазан айының соңына дейін бітуі керек деп жоспарланған болатын. Дегенмен, «BI Group» компаниясы басшылығы құрылыс 5 қазанға дейін толық аяқталды деп отыр.

Ақинет ТАҒЫБЕРГЕН

І ОЙ ТАСТАДЫМ ОРТАҒА



Жезқазғанның жаны – ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК

Жуырда Алашахан даңғылында тосын, бірақ әсерлі көрініске тап болдым. Осы көшелегі №43 бес бағатты тұрғын үйі назар аударды. Бірінші кіреберістің ұзын бойында қарағаш, теректер жапырақ жайып, жайпап тұр. Ол ол ма, сиырбұлдірген, қарақат желі тартып, гүлдеп жатыр. Алма ағашы да түйін салып қалған. «Бұл мөлтек бақшаның бағбаны кім?» деймін бірінші кездескен осы үйдің тұрғынына. «Атып білмеймін, бірақ өзі жұмысқа әкімат үйіне барады» – дейді. Сөзге қапталымыздан келген кісі кірісті. «Ол – бір тауір жігіт. Мемлекеттік қызметкер өзі. Әубәкір Смағұлұлы», – деді ерекше ықыласпен.

Мемлекеттік қызметкердің тікелей өзі көпке қатысты іске қолғабыс жасағанын бірінші көріп тұрмын. Бұл дәстүр халқымызда ертелең бар ғой. 1965 жылы Жезқазғанға көшіп келгенімде көршім қарсақбайлық қария А.Арнаутов бәйбішесі екеуі консервінің бірнеше қалыбын әкеп 4 подьезелге пәтеріміңнің балқондарын гүлмен безендіруге көмектескен. Жезқазған мыс комбинатының қоғалдану цехының бастығы Л.А.Қаған «балқонаның астына отырғыз» деп қолыма екі пышық ұстатты.

Өткен ғасырдың 60 жылдары үлкен Жезқазғанның аты дәуірлеп, құрылыс қарышты қарқынмен жүріп жатты. Мысылар қаласының күні сүйген келбеті күн сайын ажарлана түсті. Қала төңірегінде «Металлург», «Энергетик», «Автомобилист», «Строитель», «Литейщик» сияқты жасыл желек жамылған саяжай қалашықтары пайда болды. Металлургия өндіріс ауданына қаладан асфальт жолымен қаздай тізілген ағашты жағалап жететінбіз. Көсіпорындардың ауалары жап-жасыл. Кейін Кеңгір көлінің жағасын жасыл желек жаулап алды. Қаламызда ағаш отырғызылған алаң 174 гектарға, гүлзарлар 2 гектарға жетті. Жасыл желек әрбір тұрғынға шаққанда 20 шаршы метр болды. Тасқа түскен қаланың климаты жұмсарды, бізді айнала орналасқан орман далада қожалық еткен құйынды жеуден қорғалды. Шілденің ыстығында ағаштарды саялдыққа Қазақ ССР Ғылым академиясының ботаникалық бағы, комбинаттың қоғалдану цехы жаскерің гүлдетестерімен қамтамасыз етіп тұрды.

Жезқазғанның патриоты, өлкемізге аты әйгілі ақын Сайлаухан Ноженос осы көңіл құйды жырға қосқан. Бір шумак келтірейін.

Кеш көркініп, оранды гүлге маңай, Жерге түсті аспанда жүрген арай. Орман-отау ішінде қыз ойнақты, Кеңгір өзі бастайды түнге қарай. Ақын шабытына қанат болған Жезқазғанның жасыл желегі бүгін қандай?

Міне, мәліметтер. • 174 гектар көк желектің 54 гектары ғана қалаға. Отырғызылған ағаштардың бірқатары шөдеп, сусырап, қуран сүйегі қалан.

- Біразын күрт жел, шірін, азып, азайып барады.
- Скверлер, гүлзарлар, жасыл алаңдар ие?
- Күн астында қансыған терідей тарылып барады.
- Басқаны қойғанға «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС бөлшегі көп қаржы шығарып, көркіні келтірген Ғарышкерлер бульварының біраз жеріне ие шоп шықпай, ойма тазығы басындай болып тұр. Екі жыл бұрын отырғызылған орта мектеп бітірушілердің алғашқы кісі күнін көрмейді, суарылмайды. Бірқатар кәсіпорындардың, мемлекеттік мекемелердің, білім, мәдениет, ойын-сауық орындары ғимараттарының ауласы көз тартпайды. Билық қаламызда небәрі көтеріп айтқанда 30-40 туп асаи отырғызылды.

Себе? Біз Жезқазғанның уақытына тұрғындарына айналып кеттік. Өйткені, кейбір өзін білгіш дегендер «өңірдің мыс қоры пәлен жылға жетеді» деп бал ашып, сөуегейлік жасап жүр. Тұрғын үй салу біраз жыл тоқтап қалды. Жұмыс орындары азайды. Ө.Байқыров атындағы университетіміз жеңеленіп кетті, өнер ұжымдарының әлеуеті азайып келеді, қаламыздың келбеті мен сәулетіне қолғабыс түсті. Осыдан барып жезқазғандықтар көтеріле көшті. Жастар да Нұр-Сұлтанға, Алматыға, Қарағандыға ұмтылды.

Шыңдығын айту керек, соңғы 2-3 жылдан бері туннель түбінен жарық көргендей болдық. Қаламызда оң өзгерістерді байқап отырмыз. Қала тұрғындарының көңіл хошы көтеріліп, әлеуметтік өзін-өзі сезінуі ояналып, мыс келесіне келесіне сенім пайда бола бастады. Қуанышқа қарай осы билық Нұр-Сұлтан, Алматы, Қарағандыда жүрген өзін білетін үш жас отау иелерінің қалаға оралғанын көріп, көктемді қанатына ертіп келген қарлығаштардың басы болар деп ойлады.

«Халқымызда ауласына қарап несін таны» деген тәмсіл бар. Қаламыздың тұрғын ауданында бүкіл жезқазғандықтарды, әрбір тұрғынды үлкен сауапты іс күтіп тұр. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында табысы аз, көп балалы отбасылары үшін тірек болатын жер үй ұчаскелерін инфрақұрылыммен қамтамасыз ету мәселесін көтерді. Олай болса күзгі, қысқы ағаш отырғызу маусымымен босқа өткізіп алмауымыз керек. Мысты өлкеде сол 2021 жылды қоршаған ортаны қорғау және экологиялық даму жылына айналдыруымыз керек. Бұл өрнектің әлемдік жауапты үрдістен әрбір жезқазғандық, орта және кіші бизнес өкілдері, білім, мәдени-әлеуметтік мекем

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ – НАЗАРДА

Жезқазғанның экологиялық ахуалына алаңдаушылық танытқан белсенділердің әлеуметтік желілердегі жазбалары айына бір рет осы мәселеге қатысты жиналыс өткізуге себепші болды. Алашқы жергілікті тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолшығару қолтаңбасы мен автомобиль жолдары бөлімі басшысының міндетін атқарушы Бахтияр Пардабековтің төрағалығымен және Қарағанды облысы бойынша экология департаментінің мемлекеттік бақылау бөлімінің басшысы Салтанат Кенжебаева мен департаменттің экологиялық инспекторы Әлия Какенованың қатысуымен өтті.

– Біздің орган азаматтардың шағымдарын қараусыз қалдырмайды. Сіздердің әлеуметтік желідегі жазбаларыңыз бен қала әкімінің өтініші бойынша департамент 2020 жылдың мамыр айында «Қазқамыс Сэмлтинг» ЖШС қатысты тексеру жүргізді. Оның нәтижесінде кәсіпорынға әкімшілік шара қолданылып, 1,8 млн теңге көлеміндегі шығынды төлеу міндеттелді, – деген Салтанат Болатқызы сөз кезегін өндіріс ошағы мыс қорыту зауыты қоршаған ортаны қорғау бөлімінің басшысы Ербол Қазанбаева беріп, бүгінде ауаның ластану деңгейін төмендету бағытында атқарылып жатқан шаруалар



хакында айтуды сұрады.

– Рұқсат етілген шекті шығарындылардың нормалары жобасына сәйкес Жезқазған мыс қорыту зауытының өндіріс алаңында ауа ластанып 72 көз бар. Олардан ауаға 29 ластанушы зат шығады. Оның ішінде №0227 Н-200 мұржасы негізгі шығарындылардың көзі болып отыр. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің 2019 жылдың 23 қазанында шешіміне сәйкес 63 284,19 тонна жалпы шығарылымға, оның ішінде 59570 тоннасы күкірт диоксидін ауаға шығаруға рұқсат етілген, – деп баяндамасын оқыған ол мыс зауытындағы 4 конвертордың екеуі істе екенін жеткізді. Рұқсат етілген шекті шығарындылардың нормалары жобасына сәйкес күкірт қышқылы цехында балқыту цехынан шығатын газдарды аулайтын 2 технологиялық сүзгі болуы тиіс. Бүгінде 3 сүзгі сағатына 50 00 м3 көлемдегі улы заттарды аулайды. Сонымен бірге цехта қуаты 600 мың м3/сағ алты құрғақ электрсүзгі орнатылған.

– 2020 жылға 2 060 011 теңгеге 8 шара жоспарладық. 2018 жылдан бері Кенгір жағалауына 2 мыңнан аса тал егілді. Сондай-ақ, мыс қорыту зауыты аумағын жасылдандыру мен абаттандыруға баса назар аударамыз, – деген Ербол Қазанбаев жаңа күкірт қышқылы цехының құрылысы жоспарланғанын және пандемия салдарынан жоба тоқтап тұрғанын алға тартты. Газ шығарындыларын азайту жолында «Қазқамыс Холдинг» ЖШС өндірісте мазуттың орнына газ қолдануды күп көріпті. Мыс қорыту зауыты мен байыту фабрикаларын газға ауыстырудың жобалық-сметалық құжаттары әзірленіп, жобаны 2021 жылдың сәуірінде іске қосу көзделген.



Диана ОРАЗАЛИНА

Қоғам белсенділерін мыс қорыту зауытының басшылығы қоршаған ортаға шығарындылар тастағаны үшін қанша көлемді салық төлейтіні қызықтырды. «Жезқазған мыс қорыту зауыты айына қала бюджетіне 350 млн теңгеден астам, тоқсанына 1 млрд теңге көлемінде салық төлейді», – деп жауап берген зауыттың қоршаған ортаны қорғау бөлімінің басшысы жаңа экологиялық кодекстің жобасы қабылданатын болса, бұл қомақты қаражат өндіріске қайта қайтаруына айтты. Заң жобасына сәйкес қоршаған орта эмиссиясының қаражатын кәсіпорын қоршаған ортаны оңалтуға бағытталған шараларды жүзеге асырады. Қоғам белсенділеріне бұл жаңашылдық ұнай қоймады. Қаражат мақсатты жұмсалмайтынына алаңдаған көпшілікке облыстық экология департаменті мамандары түсініктеме берді. Осы қаржыға кәсіпорын технологияларын жаңартпай, мақсатсыз жұмсайтын болса, айыппұл төлейтін болады.

– Адам денсаулығы төленген айыппұлдармен өлшенбейді. Жезқазған мыс қорыту зауытында екінің пештің қосылғаны мыңға жуық тұрғынды жұмыспен қамтыды, экономикамызды дамытты деп жатырсыз. Сіздер барлығын ақшаға айналдырып алғандайсыздар. Әр жезқазғандықтың өмірі мен денсаулығы басты құндылық екенін ұғынып, ауаны ластанудың нақты жолдарын қарастыруларыңыз керек, – деген Евгений Фомин Кенгір жағалауының тазалығы мен ондағы балықтың азаюына қатысты нақты шаралар қабылдауды сұрады.

Жылына ауаға 200 тонна қорғасын, 59 570 тонна күкірт қышқылды шығаратынын айтқан Ербол Қазанбаевты қоғамдық кеңестің төрағасы Сағындық Қожамсейітовтің: «1980 жылы ауаға 50 мың тонна күкірт шығардысы шығарылса, қазір 62 мың тонна екен. Халықтың өмір сүру сапасын арттыру табыспен қана шектеліп қоймайды. Мұнда экологиялық ахуалдың да маңызды екенін Елбасы атап өтті емес пе?! Ендеше, зауыттан шығып жатқан газ біздің өмір тұрғындарымыздың өмір сүру сапасын төмендетіп жатыр деуге толық негіз бар» деген пікірі тығырыққа тіреді.

Жиынды қорытындылаған экологиялық инспектор Әлия Какенова облыс әкімінің Жезқазған-Ұлытау аймағына қарасты жерлерде заңсыз пайда болған қоқыс алаңдарын 11 қыркүйекке дейін тазарту тапсырмасы орындалмағанына назар аударды.



«Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде Жезқазғанда 58 көп қабатты үйдің қабетін бірдей түске боялып, шатырлары жөнделіп, бірыңғай сәулеттік келбетке ие бола бастағаны белгілі. Сәтбаев, Қаражар (бұрынғы Балхаш), Холмецкий көшелері мен Мир даңғылындағы тозығы жеткен үйлерді жаңартуға 320 млн теңге қарастырылған.

ИГІ ЖОБА ЖАЛҒАСУДА

Жыл соңына дейін аяқталатын жөндеу жұмыстарына жұмыспен қамту орталығында жұмыспен ретінде тіркелген 63 азамат жұмылдырылған. Солардың бірі – Нариман Әукеев. Ол қолданыстағы 7 жігітпен бірге Мир даңғылындағы 17, 19, 20, 24, 28, 30 және Алашахан көшесіндегі 25 «А» мекенжайындағы үйлерді жөндеп жатыр.

– Өңі қашқан көп қабатты тұрғын үйдің іргетасындағы жырықтарды бітеп, сыладық. Жобалық-сметалық құжаттарға сәйкес кейбір үйдің төбесін жөндедік. Мұнда бесінші қабатта орналасқан пәтерлерде тұратын тұрғындардың әлеуметтік жағдайы ескерілген. Осылайша, төбедегі тесіктерді жамауға қаражаты жетпеген қарттар мен мүгедектердің алғысын арқалап үлгердік, – деген Нариман Әукеев бұған дейін түрлі құрылыстарда жұмысшы болғанын айтады.

Жол картасы аясында жұмыскерлер қажет екенін естіген бойда жұмыссыз жүрген достарына хабарласып, бас-аяғы жеті танысының құжатын жинап, жұмыспен қамту орталығына барыпты. Ондағылар он күннен кейін «КазЖилСтройМонтаж» ЖШС-не жолдама беріпті.

Сөйтіп білек сыбана іске кіріскен жастар үш айдан бері

тұрақты түрде 100 мың теңгеден аса айлық тауып жүрген жайы бар. – Аптасына алты күн, күніне 7-8 сағаттан жұмыс істейміз. Бір үйді шамамен 20-25 күн ішінде аяқтап жүрміз. Қазір бес үйдің жөндеуін толық аяқтадық. Бригадада өзімізмен қосқанда сегіз жұмысшы бар. Оның 4-уі – биіктік жұмыстарының алпенісі, 2-уі төбе жабуға жауапты, қалғаны – қарапайым жұмысшы. Осы үйлерді тапсырған соң басшылық тағы 3 үйдің жөндеуін бізге бермек екен. Ол – Ғарышкерлер 11, Пушкин 9 бен Мир даңғылы 43 мекенжайындағы үйлер, – деген Нариман жұмыскерлер жас та болса өздеріне жүктелген міндеттерді жіті сезінетінін айтты.

Биыл жол картасы аясында Жезқазғанның көшелерін де жарықтандыруға көңіл бөлінуде. Көшелерге жарық шамдарын орнату жұмыстары бойынша 14 жоба қолға алынды. Оның 10-ын «Горэлектросеть» ЖШС жүзеге асыруға міндетті. №2, 4,5,6 шағын аудандарды, Алаш алаңы мен 91-орамнан Сәтбаев қаласына барар тас жолды, Пристанционный елді-мекені мен Кенгір селосын, Теректі стансасын жарықтандыруды бастап кеткен электрліктердің қатарында жас Әлішер Каманов та бар. Ол биыл Қарағанды мемлекеттік техникалық университетін «Электрэнергетик» мамандығы бойынша тәмамдаған.

– Оқуымды аяқтаған соң жұмыс таппай қаламын деп ойлап көрмеймін. Өйткені, таңдаған мамандығыма сұраныс бар. Дегенмен, пандемия салдарынан көп мекеме менің резюмеімді қабылдамады. Жұмыс өтілімің жоқтығы да әсер еткенін білемін. Сөйтіп, жұмыспен қамту орталығына барып, тіркелдім. Орталықтан мамандары мемлекеттік бағдарлама арқылы жұмысқа тұруға ұсыныс берді, – деген Әлішер үш айлық сынақ мерзімімен «Горэлектросеть» ЖШС электромонтер болып кірді. Бір айдың өзінде электр желісінен хабары бар екенін көрсете білген ол басшылықтың оң көзқарасына не басыпты да.

– Осы кәсіпорында басыбайлы жұмыс жасаймын деп шешім қабылдап отырмын. Бес күн жұмыс істеп, екі күн демалымын. Сынақ мерзімінде жүрсе де айлық төленіп отыр. Ең бастысы мен төрт жыл бойы алған білімімді іс жүзінде сынап жүрмін. Өзім ұнататын таңдаған мамандықтың толыққанды несі атандырған «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасының ұйымдастырушыларының алғысымды білдіремін. Мемлекеттік бағдарлама қаламызды гүлдендіріп қана қоймай, жұмыс таппай жүрген ел азаматтарына, оның ішінде жастарға мол мүмкіндік ұсынууда, – дейді жас электрик.

Бота ШАЛҚАР



ШЕР СУЫМЫЗ АДАДЫНАН БОЛСЫН

Кенгір су қоймасы – Жезқазған қаласының негізгі тіршілік көзі. Солай десек те, қала шаруашылығы мен өндірісі – 100%, ал тұрғындардың күнделікті тұтынуын 60-65% көлемінде қамтамасыз етіп отырған су қоймасының қасиетін адамдар әлі де зерттеп отырған жоқ. Оның айғағы ретінде жағалау толық қоқыс пен суды ластаудың белең алып кеткенін айтсақ та жеткілікті. Жанашыр жандардың бұл мәселеге тоңірегіндегі жанайқайы бүгінде биліктің де назарын аудара бастады. Қала әкімі Қайрат Әбсаттаровтың тікелей ұйымдастыруымен жақында «Кенгірге баршамыздың және әрқайсымыздың қамқорлығымыз» атты бастама көтеріліп, жағалау аймағы қала кәсіпорындары мен ұйымдарының қарауына бекітіліп берілді. Соған орай еңбек ұжымдары су жағалауындағы тазалық жұмыстарына белсене кірісті. Қуанарлық жағдай. Дегенмен, ауызсуға қатысты түйінді мәселенің басқа жақтары да алаңдатады.

Жезқазған қаласын сапалы ауызсумен қамтамасыз ету көп жылдардан бері көтеріліп жүргенімен толықтай шешімін таппай келеді. Бұл көкейкесті мәселе Елбасының тапсырмасы бойынша қабылданған Жезқазған-Ұлытау аймағын дамытудың Кешенді жоспарына енгізілгеніне де біраз жылдың жүзі болды. Алайда, бүгінге дейін көңіл тұшынатын ауқымды іс атқарыла қойған жоқ. Әзірше, қаланы ауызсумен жартылай қамтамасыз етіп отырған Ұйтас-Айдос жерасты су көзінің құбыры жыл өткен сайын тозығы жетіп, жарамсыз болуға айналды. Қаладан 60 шақырым жердегі Ұйтас-Айдос жерасты су көзі сапалы ауызсумен қамтамасыз ету мақсатында 1967 жылы пайдалануға берілген болатын. Ондағы 5 ұңғыма жоба бойынша жылына 30-35 млн. текше метр су беруді қамтамасыз етеді. Ал, іс жүзіндегі жағдай олай емес. Құбырдың кетуді кете бастаған 2014 жылдың көрсеткішіне көз салсақ, Ұйтас-Айдостан 10,033 млн. текше метр ғана су қалаға жеткен. Ал, өткен жылы апаттық жағдайдан соң бұл көрсеткіш тіпті төмендеді. Ауызсудың қалған көлемі Кенгір су қоймасынан алынууда. Мамандардың пікірінше, қоймаға тәуелді болмай, жерасты суына толықтай қошу үшін Ұйтас-Айдостың 5 ұңғыманың төрттеуі қатар жұмыс істеп, біреуі резервте болуы керек. Ал, іс жүзінде қазір мұнда екі, кейде бір ұңғымадан ғана су алынады. Жарты ғасырдан бері су айдап келе жатқан құбырлардың тозығы жеткен. Қатты қысымды көтере алмай, сегінеп кететін жерлері көп. Ұйтас-Айдос жерасты су көзінің жобалық мүмкіндіктері толық қуатында пайдаланылуы үшін 60 шақырымдық құбыр толықтай жаңартулы қажет етеді. Қазіргі ара-тұра жамап-жасқаумен жасалып жүрген жөндеу жұмыстары көңіл көншітпейді.

Ана бір жылдары Кенгірге екі-үш жылдай қатарынан өзен суы құйымайыла проблема туындай бастағанда «Қазқамыс» корпорациясы жылу-электр орталығы, байыту фабрикасы және мыс зауыты сияқты ірі кәсіпорындарды қайтағала суды пайдалану кестесіне қоюмен қатар,

құбырдың ең қалжырап тұрған тұстарын жөндеп беруге бет бұрған еді. Осыған орай Ұйтас-Айдос құбырының 13 шақырымын жаңарту мақсатында корпорация 2014 жылы 1 млрд. 174 млн. теңге қаржы бөліп, бұл жұмысқа мердігер ретінде «КазЦентрСтрой» ұйымы тартылды. Көп кешікпей-ақ «ЖСЖК» АҚ басшылығы: «Жаңадан тартылған пластик құбырларды пайдалану мерзімі 50 жылға жетеді, енді жерасты суының үлесін 60%-ға дейін көтеру мүмкіндігі бар» деп БАҚ арқылы жалпақ жұртқа сүйіншілей хабар таратқаны есімізде. Алайда, осы айыр-басталған бөлік төңірегінде биыл басқаша жағдай мәлім болып отыр. ҚР Сыбайлас жемқорлықпен күрес қызметі жанындағы республикалық арнайы мониторинг тобы мүшелерінің анықтауы бойынша 13 шақырымдық құбыр босқа қалып, іске қосылмағаны көрінеді. Бұдан кейін қаланы жылумен-сумен жабдықтап отырған «ЖСЖК» кәсіпорны бекітілген инвестициялық бағдарламасы бойынша 2016 жылы 2,6 шақырым, 2017 жылы 2,6 шақырым су құбырын айырбастаған-мыс. Арнайы топ мүшелерінің дабылы бойынша келген комиссия тексерісінде бұл жұмыстың да шикілігі анықталды.

Ауызсу мәселесіне атбасын тіреген соң айта кеткен жөн, екінші бір жоба Есқұла су құбырының жырға айналғанына да көп жыл болды. Құрылыс барысында техникалық кеңес полиэтилен тұрбаны шыныпластиктен жасалғанға өзгертіні 2019 жылы белгілі болыпты. Құбыр жүйесін тексеріп көргенде 60-тан аса ақау шыққан. Осы ақауларды жөндеп қалпына келтіруге мемлекет қалтасынан қосымша 1 млрд. теңге қаржы шығаруға тура келген. Үстіміздегі жылдың мамыр айында облыс әкімі келіп іс барысымен танысқанда мердігер мекеменің инженерлері құбыр құрылысының барлық үш кезеңін 2020 жылдың соңына жеткізбей аяқтауға уәде берген еді. Уақыт көрсетер. Алайда, тәжірибелі су мамандарының айтуынша Есқұла суы кеншілер қаласы Сәтбаевтан артылмайды, Жезқазғанды қамтамасыз етуге жетпейді деген де әңгіме бар.



Екіншіден, Кенгір арнасының суға толуы ауа-райы жағдайына тікелей тәуелді. Жоғарыда айтқанымыздай, 2010 жылдан бері қуаңшылық салдарынан Қаракеңгір өзенінің тасымалы қалуы жиі орын алып жүр. Биылғы жыл қолайлы болып су қоймасына 69 млн. текше метрден аса су келіпті. Соның өзінде арнасының толық толуына 13 млн. текше метрдей су кем болды. Табиғи булану мен барлық шығарынды қосқанда қала жылына 65 млн. текше метр су тұтынады. Алда тозығы жеткен Ұйтас-Айдос құбырын жаңарту міндеті тұр. Бұл қысқа мерзімде жүзеге асатын жұмыс емес. Отыз екі күннен тұратын ауқымды жоба. Әкімдер шешеді ғой, дегенмен, Үкіметтің «Ақбұлақ» бағдарламасына сүйенбесе болмас деп ойлаймын. Қазірде «Қазқамыс» су құбырын жаңартудың жобалық-сметалық құжаттарын жасаумен айналысуда. Осы игі іс етпегенде қала алынар болса біз біраз уақыт бірыңғай Кенгірдің суын ішеміз. Осыған байланысты «Қазқамыс» корпорациясының қолдауымен Кенгірден резервтік құбыр тартылып, пайдалануға берілгені айтыр.

Енді тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келер болсақ, жағалаулары ауызсу көзінің талаптарына сай то-

лық қорғалмаған Кенгір ашық айдының суы сапалы деп ешкім айта алмайды. Өндіріс қалдықтарының ауыр металдарын айтпағанда, ішетін суымызға өзіміз түкіргендей көптеген келенсіздіктерге бой алдырып отырмыз. Негізінде су қоймасының жағалауын таза ұстаудың басты тетігі адамдардың сана-сезіміне байланысты. Көл жағалап демалушылар ішкен-жегенінен қалған қоқыстарды қалай болса солай шашып тастап, тазалық шараларын сақтай бермейді. Олар үй-ішімен осы судан ішіп отырғанын неге ойламайды екен бір мезгіл?! Су қоймасы жағасына келіп көлігін жуатын кенкелестер де кездесіп қалады. Сондай-ақ, кейінгі кезде Жезқазғанда су қорғау аймағының ішіне өтіп құрылыс салу деген бір келенсіз жай бой көрсете бастады. Болашақта оның су қоймасын ластауы ықтимал екенін ойлап жатқан жан жоқ. «Шер суына түкірме» дейді дана халқымыз. Адамның денсаулығына ең қажетті үш фактордың бірі – таза су. Ендеше, тіршіліктің нәрі болып отырған қасиетті суымызды ластамайық. Қала басшылығы көтерген жақсы бастамаға қолдау жасап, үлес қосу әркімнің абыройлы борышына айналса екен.

Амандық РАХУЛЫ

30 ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚСТАН

(Соңы. Басы 1-бетте) Осынау тарихи белестер Жаңа қазақстандық патриотизмді ұрпақ жадына сіңіруде айрықша рөлге ие. Елдің тұтастығы мен бірлігі, татулығы мен тыныштығы ең басты нәр.



ҚР Конституциясына және Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жылдығын атап өттік. «Бірлік пен жасампаздықтың 30 жылы» ұранымен мерекеленетін мерейлі жыл еліміздің тәуелсіздігі мен мемлекеттілігін одан әрі нығайтып қана қоймай, еліміздің жеткен жетістіктерін әрбір қазақстандықтардың сезінуіне жол ашып, тәуелсіздік біздің барлық жетістігіміздің негізі екендігін сезіндіреді, алда тұрған басым бағыттарды іске асыруға жұмылдырды.

Елбасының әрбір Жолдауы – мемлекеттік бағдарламалар арқылы қол жеткізілетін нәтижелерін сараптап, 2050 жылға дейінгі мемлекеттік бағытын іске асырудың логикалық жалғамы болып табылатын стратегиялық құжат. Елбасы Н.Назарбаев бастаған осы тамаша үрдісті қазіргі таңда Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев жалғастырып жатып сайын халыққа арнаған Жолдауларын арнауда.

Халқымыздың сан ғасырлық тарихына зер салсақ ата-бабаларымыздан қаншама баға жетпес құнды мұраларының, ұлттық жауһарларының куәсі боламыз. Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлы «Отан – өткенімді танып, бағалай білу, ең әуелі өзімізді қадірлей білу» деген екен. Шынымен де бүгінгі күні елімізді төрткүл дүниені танығанда ұлттық құндылықтарымызды толық қалпында түгендейтін кез келді. Нұрсұлтан Назарбаевтың қоғамның рухани-мәдени жаңғыруын көздегіні «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы ұлттық санамызға сілкініс екелді. Елбасымыз мақаласында «Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күні мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнаması. Мен халқымын тағалымы мол тарихы мен ерте заманнан арқау үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діні ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын» – деп баса айтып өтті.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы «Мәдениет және білім беру салаларында ауқымды оқлетану жұмыстарын жүргізуі, экологияны жақсартуға және елді-мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандары қалпына келтіруді көздейді», – дей келе, тарихымызға осынау көркем, рухани,



ҰЛТТЫҚ ЖАҢҒЫРУДЫҢ БАСТАУЫ

кастерлі жерлеріміздің біртұтас желісін құруға ұсыныс жасады.

Идеяның түпкі төркіні Ұлытау төріндегі жөдігерлер кешенін, киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды мензейді», – деп тарихи ескерткіштердің ұрпақ тәрбиелеудегі ролін атап көрсетті. Бытыр осы мақсатта ұйымдастырылған халықаралық «Жез-киік» этнофестивалінің аясында туристік форум өткені баршамызға аян. Оның басты мақсаты туризм кешістігін ашу, туристік кластерді дамыту болып табылады. Билы Президентіміздің тапсырмасымен Алтын Орданың 750 жылдығын атап өту мақсатында Жошы хан кесенесін қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, Жошы орталығы салынып, кесенеге сапалы жол салынады.

Осы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасына қосар үлесіміз қандай деген сауалға жауап берер болсақ. Бағдарламаны іске асыру мақсатында Жезқазған тарихи-археологиялық музейі де өзіндік үлесінін қосып, ауқымды іс-шараларды атқаруда. Бытырғы музейлер фестивалі республикалық болса, биылғы 2-рет өткізіліп отырған фестивальдің ауқымы кеңейіп халықаралық деңгейде өткізілді. Фестиваль «Рухани жаңғыру» және «Ұлы Даланың жеті қыры» мақалаларын жүзеге асыру аясында өтті. «Ұлы Дала мұрасы» атты Халықаралық музейлер фестивалін өткізудегі басты мақсат: тарихи-мәдени мұраны сақтау және насихаттау, қазақ халқының тарихын зерттеу, Ұлы Даланың өзіндік мәдениеті мен бірегей өркенінің бойына сіңірген ата-бабаларымыздың өмірі туралы деректі және турмыстық естеліктерді қайта жаңғырту. Шетел архивтерінде, музейлерінде сақталған қазақ тарихына қатысты қолжазбалар мен деректерді, жөдігерлерді жинақтау, шетелдік музейлер мен архивтер арасындағы байланысты нығайту болып табылады. Фестивальге 5 шетел мемлекетінен 9 шетелдік және 20 республикалық музейлер мен архивтерден 42 қызметкер, 11 отандық ғалымдар мен тарихшылар қатысты. Олар: Түркияның Анкара қаласынан, Ресейдің Астрахань облысынан, Қытай Халық Республикасының Бейжің қаласынан, Моңғол Халық Республикасының Баян-Өлгей аймағынан, Өзбекстан Республикасынан келді. Шетелден келген мамандар музей қорына тарихи маңыздылығы бар құнды жөдігерлерді табыстады. Қытайдың мемлекеттік архивінің қызметкерлері 18 ғасырдағы Ұлы Жібек жолының Қазақстанға сауда-саттықпен айналысу үшін жібек матасын экспортқа шығару туралы жарлығының көшірмесін, Ресейдің «УЛАГ» музейінің мамандары Степал, Карлал лагерлеріне байланысты тың мәліметтер, фотосуреттер, бейнемагнитофондар, аэрофотошптан түсірілген Степал лагерінің фототүсірілімін, Монғолияның Баян-Өлгей музейінен қазақтардың Моңғолияға алғаш қоныс аударғандығы жөніндегі қолжазба-

ның көшірмесін, Өзбекстан архивінің мамандары 18-19 ғ.ғ. түсірілген қазақ шаруаларының фотосуреттерінің көшірмесін музейге табыстады. Фестиваль аясында «Ұлы Дала мұрасы» – музейлер фестивалінің салтанатты ашылуы», «Тарихта өз атыңды қалдыр» акциясы өтіп, нәтижесінде музей қоры 300 жөдігермен толықты. «Хас шеберлер шеруі» колонел шеберлері мен суретшілердің қатысуымен шеберлік сабақтары, «Ұлы Дала жауһарлары» экспозициясының ашылуы, онда «Ұлы Даладағы ежелгі металлургия», «Аң стилі», «Алтын адам», «Түркі әлемінің бесігі», «Архив 2025» тақырыптары қамтылды. Сонымен қатар, «Көне дәуір куәгерлері» – құнды әрі сирек кездесетін жөдігерлер табыстырылды, «Музей қызметінің жаһандық жаңауы – заман талабы» атты музей мамандарына арналған семинар-тренинг өткізді. Семинарда Түркияның Анкара университетінің профессоры, доктор Айша Чакир Ильхан және қазақстандық музейтанушылар музей педагогикасы бойынша дәрістер оқыды. Сонында музей мамандары сертификатқа және әдістемелік оқулыққа ие болды. Сонымен қатар шетел қонақтарына, музей мамандарына «Ұлы Дала – түркі әлемінің бесігі» атты Ұлытау-Жезқазған өңірінің сакралды жерлеріне экскурсия жүргізілді.

Музей археологтары Ғ.Әуезов, Б.Балтабеков, А.Бірмуханова Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының құрамында Талдысай-ежелгі металлургиялық пештерге жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарына қатысты. Сонымен қатар, «Сакралды Қазақстан» жобасының аясында өлкеміздегі тарихи-мәдени ескерткіштерге арналған жөдігерлер және бұқлеттер 3 тілде дайындалды. Мектеп оқушыларына арналған өлке тарихын сүюге, дәріптеуге, насихаттауға бағытталған «Жас өлкетанушы» жобасы биыл да өз жалғасын табады. Қазіргі таңда бұл жобаға қаламыздағы барлық мектептер атсалысып, бытыр өлкетану сабақтары музей қабырғасында өтті. Бір көңіл қуантарлығы өлке тарихына деген қызығушылығы артқан мектеп оқушыларының саны көбейіп, мектептерден ұсыныстар түседі. Биылдың өзінде Ұлытау-Жезқазған өңіріндегі «Алашахан», «Жошыхан», «Домбаулы» кесенелері «Теректі Әулие» археологиялық кешеніне көптеген экскурсиялар ұйымдастырылды.


Тәуелсіздіктің 30 жылдығын атап өту Қазақстанның тәуелсіздік тарихындағы аса көрнекті оқиғасы болуы тиіс. Оның мақсаты – Қазақстанның жетістіктері менін насихаттау, тәуелсіздік жылдарындағы қорытындыларды шығару, сонымен қатар еліміздің жетістіктері мен мүмкіндіктерін елі ішінде және одан тыс жерлерде көрсету.

Раушан ҚАПАРОВА, Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің директоры

ЖАҢА КІТАП ТАНЫМҒА ТАМЫЗЫҚ АСТАҒАН...



Жақында Астана қаласындағы «Кәусар» баспасынан Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның Күрметті журналисі, ақын Батырбек Мырзабековтің «Аманат» атты романы жарық көрді. Кітаптың көлемі 24,0 баспа табақ. Таралымы 2000 дана. Романда, шамамен, XIX ғасырда Ұлытау өңірінде өмір сүрген, елі ішінде «Төрт босаға» атауымен танымал болған, аймақ жазушының бейбіт, берекелі тірлігі үшін тер төккен, біріктіп, татулықты үміт еткен Сандыбай батыр Төлеулы, Қадір би Түрікпенбайұлы, Шегір би Шалабайұлы, Бабыр би Бөкеншіұлы мен Ерден батыр Сандыбайұлы сияқты тарихи тұлғалардың тағдыры өмір жолы мен сол кезеңнің қилы-қилы оқиғалары арқау болады.



Сандыбайдың, оның ұлы Ерденнің сол уақыт аясындағы қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, саяси жағдаяттарды өздері қалыптастырудағы рөлі – бәрі де осынау тарихи тұлғалардың әрқайсысына тарихи туынды арнауға болатынын дәлелдеп тұр. Роман авторы сюжеттік-композициялық құрылымның тұтастығына мазмұн мен пішіннің бірлігін сақтау арқылы қол жеткізуді тырысқан. Роман эпикалық тұрғыдан аса ауыр әлеуметтік әрі проблемалық жүкті мойнына алғандықтан, автор галамат дерек, ақпараттар тұтқынында қап, келте қайырудан сақтанған, сөйтіп сюжеттік желілерге эпизодтық шегінестермен Манас батыр, Көкенайдың асы, Тұран сұлтаны Аласап, т.б. тұсындағы тарихи, саяси хал-ахуалды білдіретін жайттарды енгізіп отырған. Басында негізгі нысаннан ауытқып, ауа жайылушылық элементтері белсін алып кеткен жоқ па деп күдіктенгенімізді жасырғмыз келмейді. Пайымдай келе, бір ақиқатқа ден қойдық: ол – арғы-бергі тарихта адам баласына Уақыт атты құдіреттің өз дегенін орындатуға тырысқандығы. Демек, әртүрлі уақыт аясындағы адам-сана-қоғам ұштағаны бұрыннан болмысына ұя сап келе жатыр екен, ал ол тінімді ме, жоқ па, келт қуалаған қаңбақтай жөңкі береміз де, жөңкіз әрекетке қарсы қояр амалымыз қандай болмақ деген ақыл-ойды алдыңғы шеңке шығарады екен. Романда Сандыбайдың жекпе-жекте Қоқан батырын өлтіруі, арада неәуір уақыт өткен соң, қайтыс болған Сандыбайды жерлеу рәсімі алдында Алапанның (Дарухытай) елінен білдірмей кеп, батырдың ақтығын ұрпамақшы ниеті, қолға түсуі, билердің алдында өзін Дүрді жүзбасының жұмағанын мойындауы, өлімін қорықпай ақиқатқа мойынсынуы сияқты тартыса толы болім мен Ресейге қараған Бағанауы елін губернаторға арыз арқылы жамандап, ірікті салуға қокан билігінің жанталаса кірәсуіндегі орын алған тартыс Жақсылықпен қатар Ұлымдықтан да нық тіреспі, бірге жасайтындығын, өкінішке қарай, қол реттерде қосынғының мәртебесі үстем боп шығатынын роман сюжеті еш әсіресіз терең емеурін, ишаратпен жеткізе алған. Роман соңындағы уақыт аясында қазақ жеріне дендей еніп келе жатқан алапат өзгерістер, Ресей отаршылдығынан Қоқан, Бұқара, т.б. сияқты туысқан елдерді қазақтың

Мәуен ХАМЗИН, филология ғылымының докторы, профессор, ҚР Мәдениет қайраткері

Қарағанды

ӨНЕР «ӘУПІЛДЕК» ЖӘНЕ ҒАЛЫМ



(Әссе)

отырған адамдардың ыңғайына қарай әнді керекті ырғақта орындайды, әнінің жағымды орындалатыны сонша, көпке дейін құлақтан үні кетпейді.

Қамысы Әуілдектің мүше-мүше, Сарғайды осынау көлдің суын іше... Жүректің қылын шертетін осынау жолдарды сырлы да мұңды ән қалай ажарлап тұр десенші!.. Ал, Жүсіпбек Елебеков сынды қазақ ән өнерінің біртуар алып тұлғасынан тәлім алған Ғалым шырқаған-да «Әуілдек» құлағында мәңгі мөлдiрeп тұрып қалғандай...

Ғалым оқуын бітіріп Жезқазғанға 1975 жылы келген екен. Міне, одан бері де қырық бес жыл өтті. Бұл – аз уақыт емес. Яғни, ол осыншама уақыт мысты шаһар сахнасын «құлақтан кіріп, бойды алған» әсем әнге бөлен келеді. Оның жаңа жайлы қоныр дауысы келешек ұрпаққа да жетсе екен деп ойлаймын.

Ғалыммен күнделікті кездесіп жүрген уақыттар да болды. Бірде сәті түсіп біздің қалаға таеквондодан алтыншы даннның иесі, қазақтың біртуар ұлы Мұстафа Әтүртік келді. Бұл оның қаламызға екінші рет атбасын бұрып тұрғаны болатын. Мақсаты осы арадан таеквондо мектебін ашу екен, онсы орындалып, тоқ көңілде әңгіме-дүкен құрып тұрған сәттің бірінде Мұстафа қасындағы екі-үш қонағымен қарапайым қазақ шаңырағын көргісі келетінін айтты. Мен дереу үйге телефон шалып, ескерткіп қойдым. Мәдениет сарайынан шыққаннан соң үйге келдік, кездесуге өлең бастысы Ғ. Юрченко, қала бастысы Т. Каленов қатысты. Олармен қатар біқатар сыйлы кісілерді шақырдым, солардың арасында Ғалым Мұхаммедов де болды.

Үйге келгеннен кейін Ғалымды Мұстафаға тұлға ретінде таныстырдым. Біраз отырыстан соң әнге кезек берілді. Ғалымның орындауында бірнеше ән тыңдалды. Солардың ішінде «Әуілдек» әні Мұстафаға ерекше әсер еткені сезіліп тұрды. Мұстафа осындай дауыспен Ғалым аузы арасында неге жүр, үлкен сахналарда өнер көрсетуі керек қой деген сынайда әңгіме айтты. Мен «Ғалым үлкен сахналарда да жиі ән шырқайды, ал соның ішінде Қазақстанның ең үлкен сахнасы ол Ұлытау емес пе?» дедім. Мұстафа басын иізіп «арине, солай ғой!» деп ризашылығын білдірді. Қазақтың екі өнер иесінің бірін-бірі бағалаған сол тарихи кездесу осылайша есте қалды. Бұл жолы да «Әуілдек» сайын даладан ескен самалдай маңдайдан желліп, жүректі шертіп өткен еді...

Жыл басталғалы әлем індетпен алысып жатыр. Теледидардан көріп қотынымыз болмаса, сахналарда әншілерімізден көз жазып қалдық. Бүгінгінің қатан талабы. Оны да өзгертер мүмкіндік табылып қалар. Ең бастысы, әншілеріміз орғамызда жүрсін.

Олар болса, сахналар қайта бір жанданар уақыт келер. Олар болса, құлақ құрышымызды жақсы ән, жағымды дауысқа қандырып, кеткен уақыттың ессенін де қайырмаңыз.

Ғалым тұрғанда «Әуілдекті» тыңдап, мауқымызды да басармыз. Жұриалист, жазушы Әбілқасен Әміралын әкеміздің шешемізге арнаған мына бір шумақ өлеңінде: ...Онда Әуілдекті жағалайын, Ән шығарар тек мұнан дара қайын. Жынырма бесті қалармыз кездестіріп, Келші, Мәке, армансыз аралайық, – демекші, көңілімізді әсем әнмен тербеп, жастықтың жағалауынан шығарар Ғалымдар аман болсын адыммен! Ал, «Әуілдек» Қазақ тұрғанда тұрады ғой!

Асқар ЕРМЕКБАЙ, қоғам қайраткері

Суретте: әніні Ғалым жазы Әлиамен

КӨШПЕЛІ КЕҢЕС

қоғамдық келісімді нығайтуды мақсат етті

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ұлттық саясатты, қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету және этносаралық қарым-қатынастар саласында қоғамдық мемлекеттік және азаматтық институттарының бірлесіп іс-қимылын арттыру – Қазақстан халқы Ассамблеясының басты мақсаты.



Осы орайда Қарағанды облысы әкімі аппаратының «Қоғамдық келісім» КММ қоғамдық келісім мен жалпұлттық бірлікті нығайтуға байланысты кешенді шараларды жүзеге асыру мақсатында Сәтбаев, Жезқазған қалалары мен Ұлытау ауданында Қарағанды облысы әкімі аппараты «Қоғамдық келісім» мекемесінің өкілдері және облыстық Ассамблея мүшелерінің қатысуымен көшпелі кездесулер ұйымдастырылды. Кездесуде алдымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауы жүктеген міндеттер тапқыланып, ауылшаруашылығын дамыту мақсатындағы атқарылып жатқан жұмыстар және биыл ІХХА қоғамдық келісім кенесінің іс-шаралар жоспарын іске асыру бойынша сұрақтар қаралды.

Мәслихат депутаттары мен этномәдени бірлестік өкілдерінің, кәсіби емес медиаторлардың қатысуымен өткен Жезқазғандағы көшпелі кездесу Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, жазушы, ақын, қоғам қайраткері Зинаида Чумакованы еске алумен басталды. Бекітілген күн тәртібіне байланысты Жезқазған қаласындағы мектептердің оқу жылына дайындығы, агроөнеркәсіптік кешеннің бүгінгі дамуы және де сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жолында атқарылып жатқан жұмыстар жайында баяндалар тыңдалды. Жиын «Қазақстандық бір тұтастықты қалыптастыру: негіздер, түйінді мәселелер және келешекке бағыт», «Медиация дау-дамайларды шешудің балама түрі ретінде» тақырыбындағы онлайн дәрістермен жалғасты. Кешенді іс-шаралардың негізінде қоғамдық келісімнің жанындағы кеңестердің қатысуымен Қарағанды облысы ҚХА аналар кенесі отырысы өткізілді.

Өз тіліміз



АБАЙДЫҢ

ТҰЛҒАЛЫҚ АЙНАЛАСЫ ЖӘНЕ ДӘУІР САБАҚТАСТЫҒЫ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Жалпы «Шәкәрім» энциклопедиясының сөздігіне екі мыңға жуық есім енгізілген. Оған ақын шығармаларының барлығы, қолжазбалар мен естеліктер, мұрағат материалдары, мақалалар мен зерттеулер кіреді. Ақын өмірінің белгілі бір кезеңі шетелдерді сахаттауға және таным көзқарымын кеңейтуге арналды. Абай Құнанбайұлының нұсқауымен кейін және оның қаржылай қолдауымен Шәкәрім Түркияға барып, Стамбул кітапханасындағы ежелгі мәтіндерді оқып, Меккеде (Арабстан) қажылық парызын өтеді. Ш.Құдайбердіұлының Францияда Париж кітапханасында сақталған ежелгі кітаптардың мол жинағына ерекше назар аударуы, Абайдың кенесімен Лев Толстой мен Александр Пушкин сынды орыс классиктерінің шығармаларымен танысуы, Шығыс шайырларынан Хафиз, Физули, Навои шығармалары қызықтыруы, сондай-ақ ақын ағылшын және америкалық жазушылар мен романтикалық дәуір ақындарының шығармашылығымен танысуы энциклопедиядағы мақалалар арқылы кең ауқымда көрініс тапқан. Шәкәрімнің әдеби мұрасында қамтылған және оның ғылыми зерттеулерінде, көркем шығармаларында қолданылатын көркемдік құралдар (теңеу, символ, эпитет және т.б.) қарастырылған. «Шәкәрім» энциклопедиясында танымдық, көркемдік, эстетикалық, діни ұғымдар мен терминдер, философиялық және басқа категориялар (поэтика, стиль, артықшылық, сұлулық, иннабаттылық, ақиқат, әр-аждан, онгелік және т.б.) нақты сипатталған. «Жалын» баспасынан шыққан «Шәкәрім. Жолсыз жаз» және «Арыс» баспасынан шыққан «Иманым» өлеңдер мен поэмалар жинағынан алынған қызықты сөздер мен ұғымдар сөздікке қосылма енгізілген. Бұлардан тыс, энциклопедияға сараптамалық негізде Шәкәрімнің «Өнер» энциклопедиясы шығарған «Аманат» әндер жинағы, «Қазақстан», «Мерей», «Ақын» баспапары бірлесіп басқан «Түркі, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» еңбегі мен «Мұсылмандық шарты» жинағынан алынған ұғымдар да кірген. Энциклопедияда тарихи тұлғалардың және оның кейбір шығармаларындағы кейіпкерлердің түпнұсқа есімдері де бар. Мысалы, Өнет баба, Қабанбай, Қалқанмен – Мамыр, Еділкі – Кебек, Нартайлақ – Айсеуіл және т.б. Оған қоса, энциклопедияда Шәкәрімнің шығармаларындағы әдеби бейнелер туралы бөлек мақалалар да енгізілген.

Сөздікке өміріне Шәкәрімнің қатысты әрі шығармаларында көрініс тапқан географиялық атаулар; тарихи маңызы бар жерлер; Семей, Ыстанбұл, Мекке, Париж сияқты Шәкәрім болған қала атаулары, Шәкәрімнің атымен байланысты елді-мекендер, көшпелер, оқу орындары (Шәкәрім атындағы мемлекеттік университет және т.б.) да қамтылған. Сөздікте түрлі кездерде Шәкәрімнің еңбектерін шығарған баспапарға, ақынның мұрасын зерттеу мен насихаттаумен айналысқан әдеби ұйымдарға, көрнекті тұлғаның өмірі мен шығармашылығын зерттеген ғалымдарға да орын берілген. Оның ішінде К.Мұхамедханов, З.Ахметов, М.Мағауин, Р.Нұрғали және басқа да көптеген есімдер бар. Энциклопедияда Шәкәрімнің көзі тірісінде қарым-қатынаста болған белгілі тұлғалар туралы мақалалар да орын тепкен. Бұл арада ақынның ата-бабалары мен тұма-туыстары, жалпы оқиғасына қатысты шежірелік мәлімет берілгенін көреміз. Энциклопедияда Шәкәрімнің көзін көрген Ә.Бөкейхан, М.Өуезов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов және басқа да қазақ халқының көрнекті тұлғаларының есімі снұтұлы ақын өмір сүрген және қызмет еткен дәуірдің маң-мазмұнын аша тұсетін. Ұлы Абайдың тұлғалық айналасын жарқырата көрсеткен «Шәкәрім» энциклопедиясы – жеке ақынның ғана емес, бүкіл халқымыздың рухани өмірінің шежіресі. Бұл – тарихи танымның жасампаздығы. Мұндай энциклопедияны Орталық Азияда әзірге баламасы жоқ. Бұл еңбек – ғалымның абығаны мен шәкәрімтануға қатар қосқан үлесі. Іргелі зерттеулерінің бір бөлісі. Аталған энциклопедия Шәкәрімнің барлық мұрасын толық қамтып отырып, ақын мұрасын әлемдік руханият биігіне көтеруімен құнды.

100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ



Иә, заманалар бойы музыка адамдардың шабытын оятып, көкке көтеріп, адамзатты тал бегінде әлдилеп келді. Музыка алдында қарапайым шаруадан бастап құдіретті билеушілерге дейін бас иді. Музыка әр халықтың пайда болу, орнығу, жаңа жерлерді игеру тарихынан сыр шертіп, Әр халық өз әуенін өздері ойлап тапқан аспап арқылы жан-жаққа таратып отырды. Ырғақ, әуез, әуен арқылы сөзге жан бітірді, көркемдік үстелді, өміршен етті. Кітапты паракан отырып, әлемдегі әуеннің адамзатпен бірге жүріп өткен жолын байқайсыз. Ілкі заманалардан бүгінгі күнге жеткен дыбыс пен әуеннің түрлену тәсілдерін, технологиясын, жаңалықтарын жақсырақ түсінесіз. Тұрмыстық, ғылымдық әндері, ұзаққа созылған сапарында шыққан және қазақы тілмен айтсақ «Ел ағын, су ағындағы» зарлы әуені де адамзат тарихының өлмес мұрасы болып қатталып отырды. Иә, әр халықтың музыкасы мен аспабы туралы материалдар жинағы ерекше қызықтылық, жаңа ой үстеді, тың бағыттарға жетелейді. Өнердегі кезеңдердің бары мен жоғын да осы кітаптан тауып алуға болады. Әр халықтың музыка аспаптарының жасалу жолдары туралы материалдар да ерекше. Кітаптың аңдатпасында айтылғандай, «Әлем музыкасы заманауи медианың дүниежүзіне жарыңданды тарататын өнім емес, адамзат тарихындағы мәдениеттің мен тілдерді, діндер мен өркениеттерді байланыстыратын үлкен мұра екені мәлім. Тарихқа көз салар болсақ, әлем музыкасы халықтардың түрлі салт-жоралғылары мен діндерінен, сан қилы тағдыры мен тұрмыстық ерекшелігінен тамыр тартады. Осы кітапта жинақталған мақалалар оқырманға Еуропа, Қытай, Үндістан, мұсылман елдері, Оңтүстік және Солтүстік Америка музыкасындағы байланыстар мен назар аударуға тұрарлық елеулі сәттерді ұсынады. Авторлардың жинақта ұсынған мақалаларында мәдени қақтығыстар мен кикілжіңдер, ежелгі өркениеттерден бастап, ғылымның өзгеі болған орта ғасырлардағы мұсылман ғалымдарының теориялары, Қайта орлеу кезеңінен постмодернге дейінгі Еуропа музыкасы жан-жақты қарастырылған. Жалпы жинақ бүгінде танымал және классикалық музыка ретінде танылған түрлі халықтардың музыка тарихын егжей-тегжейлі баяндайды.

Е.Сыдықовтың «Шәкәрім және Алашорда» атты кезектегі тарихи деректі еңбегі ұлттымыздың ерен тұлғасы Шәкәрім Құдайбердіұлының «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің тұсындағы қоғамдық-саяси және әлеуметтік ұстанымдарының сындарлы сәттегі көрінісін мұрағаттық деректер арқылы дәйектеп баяндауға негізделген. Алғаш 2008 жылы шыққан, 2017 жылы толықтырылып қайта басылған «Шәкәрім және Алашорда» атты бұл еңбегінде ғалымның басты ғылыми қағидасы – Шәкәрім Құдайбердіұлының белсенді қайраткерлік қызметін Алаш қозғалысы қайраткерлерінің «Алаш автономиясы» ұлттық-территориялық қалыптағы автономиялық мемлекеттік құрылымды қалыптастыру жолындағы тарихи әрекеттерінің барысымен сабақтастықта жазу.

Тарихшы архив деректерін өзге де сирек деректермен жарыстыра талдап, кенестік тоталитарлық жазалау жүйесінің Шәкәрім Құдайбердіұлына қарсы жасаған қылмысты әрекеттерін ашады. Алашорда ақсақалы тағдырына қатысты бұрын-соңды белгісіз боп келген, не қате тұжырымдар жасалған тарихи оқиғаларды дәйекті деректермен жан-жақты салыстыра талдап, тың пайымдаулар ұсынады.

«Алашорда және ұлт зиялылары» атты бөлімде «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің қайраткерлері мен жақтастарының сол кезеңдегі ұлт алдындағы қызметі туралы бұрын-соңды белгісіз болып келген тарихи оқиғалар – архив деректерімен, сондай-ақ естеліктермен, жеткен хаттармен, құжаттармен салыстырыла отырып баяндалады. Қазақ өлкесінің апараты жағдай алдында тұрғандығын Кенестік билік басында Троцкий сынды саясаткер арқылы ашық жария етуге әрекет еткен көс бірдей алып тұлғаларымыз – Әлихан Бөкейхан мен Әлімхан Ермеков екендігін дәйектеп көрсетеді. «Зұлмат жылдар зобалаңы» атты бұл бөлім – «Ахаң және Семей зиялылары», «Қара тізімге іліккен кітаптар» және «Қызыл қырғандар» деген тараулардан тұрады. Автор әр тарауды өзін жеке-жеке тарақты қарастыратын тақырыптар екендігін зерттеушілердің назарын аудартады. «Ахаң және Семей зиялылары» деген тарауда Ахмет Байтұрсынұлының Семей өңірінен шыққан қазақ зиялыларына ықпалы, тигізген тәлім-тәрбиесінің кейбір қырлары тарақты. «Қара тізімге іліккен кітаптар» атты тарауда ұлт зиялыларының 1923-1937 жылдар аралығында шығарған мектеп оқулықтары, әдеби және саяси мазмұнды кітаптары, түрлі бағыттаушы кітапшаларының кенестік билік жүйесі тарапынан зиянды деп табылып, жойылғаны жөнінде талдау жасалған. «Қызыл қырғандар» деген тарауда әміршіл-әкімшіл тоталитарлық жүйесінің саяси қуғын-сүргініне ұшыраған қазақ зиялылары тағдырлары архив деректері негізінде қарастырылған. Еңбектегі Абайдың тұлғалық айналасын толықтыратын деректер, материалдар бүгінгі ғылым талабына толық жауап береді. Өуелі 2010 жылы жарық көріп, 2017 жылы толықтырылып қайта басылған академик Ерлан Ботташұлы Сыдықовтың «Алаш қаласының тарихы» атты ғылым-танымдық еңбегі – мұрағаттық деректер негізінде жазылған құнды туынды. Бұл зерттеуде де Абайдың тұлғалық аясын және дәуір сабақтастығын ашатын деректер мол. Кітап 1918 жылдың қаңтар айынан 1919 жылдың желтоқсан айына дейінгі аралықта «Алашорда» үкіметінің саяси орталығы болған Алаш қаласы жайлы құнды тарихи деректер және Алаш қайраткерлері туралы мәліметтермен жазылған алғашқы зерттеу. Еңбекте Алашорданың орталық үкіметі мен Семей облыстық комитеті, облыстық қазақ комитеті, облыстық және уездік земство басқармалары, Алашорда үкіметінің кенеселері сынды тарихи орындар алғаш рет кең ауқымда қарастырылған.

Автордың ұзақ жылдарғы ғылыми ізденісінің нәтижесінде отандық архив қорларындағы сақталған деректер монографияның ғылыми талаптарға сай жазылып, тарихи шынайлықты нақты беретін факторлар ретінде жан-жақты көрсетілген.

Алаш қаласы шын мәнінде Алашорда үкіметінің басты әкімшілік орталығы болып есептеледі. Алғашқы тарауда осы мәселеге ерекше аңсег берілген. Себебі бұл қалада Алашорданың орталық үкіметі мен Семей облыстық комитеті, облыстық қазақ комитеті, Семей уездік земствосы, Алаш қалалық думасы мен Алаш қоғамдық басқармасының кенеселері орналасты. Автор, Алашорданың үні – «Сарыарқа» газеті, «Абай» журналы және «Алашорда» баспаханасы» атты тарауда мерзімді басылымдар құрылу тарихынан бастап, көтерілген мәселелерге толықтай талдау жасаған.

Халық ішінде Тінбай мешіті, Жоламан мешіті және Тас мешіт деген атаулармен мәлім болған дін ошақтарының тарихы да осы тарауға арқау болған. Халықтың мәдени даму тарихында діниң орны ерекше екені тарихтан белгілі. Міне, Алаш қаласы тарихындағы бұл мешіттердің ұлттық деңгейде атқарған тағылымды қызметі, мешіттерді салдырған Тінбай Жоламанұлы сияқты тұлғалар туралы мол мағлұмат келтірілген. Қазақ халқының рухани дүниесін қалыптастыру жолында заман талабына сай жазылған, ұлттық сананы қалыптастыру жолындағы тың әрі танымдық мағынасы зор жұмыс. Абайдан басталатын ұлттық оянулардың заңды жалғасы Алаш тұлғалары мен тағдыры арнасында жазылған «Алаш қаласының тарихы» атты еңбегі қоғамдық-әлеуметтік маңызы бар еңбектер сияқты орайым халық сұранымы сапынан түспейді.

2012 жылы «Молодая гвардия» баспасынан «Жизнь замечательных людей» (ЖЗЛ) сериясы бойынша Ерлан Ботташұлы Сыдықовтың «Шәкәрім» кітабы шықты. Бүгінде «Шәкәрім» кітабы қазақ, орыс, түрік, ағылшын, қытай тілдеріне аударылып, әлем оқырманына ұсынылды. Кітап өмірі қиыла заманға түспа-түсп келген қазақтың көрнекті ақыны, философ Шәкәрім Құдайбердіұлы тағдырына арналған.


Кітап автордың әкесі Ботташ Сыдықова арналған естелікпен басталады. Ол 1960 жылдардың басында біліктің тығымна қарамастан замандастарының Шәкәрім Құдайбердіұлы туралы естеліктері мен куәліктері жинақтаған алғашқы комиссияның мүшесі болған.

Автор Шәкәрімнің өзін-өзі жетілдіру процесіне жеке талдау жасап, ойшылдың бұралан әрі қиын, қуанышты жаңалықтар мен ашы өкініштерге толы интеллектуалдық жолына барлау жасайды. Е.Сыдықовтың Шәкәрім туралы кітабында бастау-аяқ үш өмірлік тірек, үш ұстаз, үш анық жөніндегі өтпелі идея көрініс береді. Бұл кездейсоқтық емес. Ерлан Сыдықов Құнанбайға арналған жеке монография жазып, 2020 жылы басып шығарды. Ол осылайша Шәкәрімнің ұрпақтарына табыстатқан аманатын орындады дегуге болады. Автор бұл кітапты жазу үшін тұлғалық әрі кәсіби ұзақ жолды өткерді. Ол Сыдықовтар әулетінің жүрегі мен тағдыры арқылы өтіп, қалың оқырманға көп тартты.

Қазақтың ұлы ақыны және ойшылы Абай Құнанбайұлының 175 жылдығы қарсаңында 2019 жылы Мәскеудің «Молодая гвардия» баспасынан «ЖЗЛ» («Жизнь замечательных людей») сериясымен белгілі тарихшы, академик Ерлан Сыдықовтың «Құнанбай» атты кітабы жарық көрді. Кітапта тарихи тұлға, ұлы ақынның әкесі – Құнанбай өмірбаянының және ол өмір сүрген заманның, бұрын белгісіз болып келген кейбір тұстары ашылды. Кітап Абай тұлғалық айналасын жаңа қырынан ашуымен ерекшеленді. Мұнда қазақ халқының тарихында терең із қалдырған белгілі тарихи тұлғаның өмірбаяны деректік түрде баяндалып, зерттеу объектісінің өмір жолы мен тағдыры аясында XIX ғасырдың тарихы тұтастай қарастырылады. Сондықтан да бұл кітап танымдық көркем тілмен жазылған тарихи зерттеу дегуге негіз бар.

ЗАМАНАЛАР КӨШІНДЕГІ МУЗЫКА

«Ең әуелі сөз болған» дейді оғи. Сол сөздің өзі гажайып үймен тоқтпн, сыңыр ете қалған шығар-ау! Сонау заманалар қойнауына үйлсеңіз қай халық та, қай өркениет пен алып империялар да соңына таңғажайып мұрасын қалдырып кетпн отырған. Адам баласы жүрпн әрбір жеріде, сүрлеуде, соқпақта, ойлы-қырлы жерлерде барлығында тылсымға толы әуенін қалдырып кеткендей. Байырғын арманы мен аңсарын, болмысы мен бітімін, мұраты мен мақсатын ұққанды келсе, оның әуеніне құлақ қойыңыз. Олар ойлап тапқан музыкалық аспаптардың құрылысына, саз төсілген сипатына назар аударыңыз... Біздің бұлай кең шалқар дүниені барлай қаран, оның әуеніне құлақ қоймаққа ұлттылығымыздың себебі бар. «Ұлттық аударма бюросы» ағылшын тілінен аударып, баспаға әзірлеген «Әлем музыкасының тарихы» кітабы қолымызға тиген еді. Белгілі музыкантанышы Филлип Вольман құрастырған жинақта арғы-бергі халықтардың музыка тарихы егжей-тегжейлі қамталып, тәпсіріленімі.



Кітап авторының өзі «Тарихты қаузаған еңбектер ұзаққа созылған әрі шіселіксіз толы оқиғалардан құралатындықтан, «Әлем музыкасының тарихы» кітабында да осы дәстүр жалғасын тапқан. Кітаптағы мәліметтер 1990 жылдары талқыға түскен, музыканың дербес тарихы бар ма, әлде бұл тарихи еңбектердің жинақтарының бірінде қарастырылып келді ме деген даулы сұрақтарға жауап береді. Кітаптың құрылымы мен мазмұнына қатысты бастапқы кездегі талқы тарихтың (музыка тарихының) қайнар көзі қайда болуы мүмкін деген сұрақтар легін тұғызбай қоймайды. Жинақтағы баяндаулар әлемдік немесе универсалды тарихтан бастау ала ма? Әлде Бағыттың әлемдегі үстемдігі мен постотарихылықты жауаптан келіп шыға ма? Ұлттық халық музыкасына ба, әлде трансұлттық халық музыкасына ба? Музыканы жаһандық ауқымда өндіретін құрылымдардан яки музыка атауының барлығына қатысты білімді тарататын институттардан ба? Тарихнама мен музыка тарихнамасының ортақ мәні Еуропа мен Солтүстік Американың музыкалық ғылымына тәуелді болғандықтан, бұл сұрақтарға мұрадымы жауап табу қиына соқты. Сондықтан музыка антологиясына қатысты көзқарасымыз қайта ой елегінен өткізу қажет болды. Авторлар көтерген түрлі мәселе мен тартысты талқы бұл кітаптың әрбір сатысында туындады, көбіне әлем музыкасының кез келген тарихының өміршіркендігіне қатысты қалың құмғағы бұл алдырдық. Осылайша, бұл кітап жүйесі Батысқа бұрыннан таныс әрі тарихта қалыбын тауып үлгерген музыка тәртібіне сай құрылмады. Сондықтан музыка тарихы мен музыка тарихнамасына жаңаша қарау үшін қалыпты шешберлен шығу авторлардың басты мақсаты болды» депті. Кітаптың әр тарауы музыканың тарихын ғана емес, адамзаттың тарихын қағазға қаттаған. Бізге таныс Шығыс ойшылары, олардың арасында өзімізін бауырымызға тартатын біраз ғұламалар да бар, әсіресе әл-Фарабидің музыкалық ойлары мен тұжырымдарын талдауы қазақ оқырманына айрықша керек дүние деп ойлаймыз. Ән тарихы дегеннен шығады, қазақ үшін «Елім-айдым» кәдірі бөлек қой. Тұтас ұлттың қайғылы көшіп түзеген сол бір әуенді естісе қалт тұра қаламайтын қазақ кемде-кем. Кітаптың «Үндістердің музыка тарихы» атты тарауында мынадай деректе тап болды: «Әндердің, яғни Коппер-Ривер тұрғындары жағалауға қошу кезінде шығарған «Жүргіншілер мен тыныстаушылар» және «Билеу» тәрізді әндердің тайпалар тарихында алар орны ерекше. 1909 жылы Каадастин Свантонга өз бабалары осы сапар кезіндегі тұманда адысып жогалған жолдастарын еске алып, шыраған азылы әндер жайында айтып берген. Қырық жылдан кейін, 1949 жылы Сара Уильямс Фредерик де Лагуна үшін тал осындай ән шыққанды және ол осы әуендерді тайпа мүшелері, шынымен де, Мұзды шығанақты тапқан кезде шығарған шаттық әндерімен салыстырды: «Олар ана таудың астында биледі. Олар осы жаққа келгені үшін өздерін бақытты сезінді. Осында көп нәрсені бастан өткерді және [бұл оқиғалар туралы] әндер де бар... Әлем музыка тарихы көшіндегі қазақ әуендерінің тарихы да осылай зерттеліп, қатталып, дүниежүзінің мәртебелі университеттері шығаратын оқулықтарға еңсе, мұндай тарих пен әуені қабысқан оқиғаның да қатары артар ма еді деген ой келді. Шындағында халықты біріктіретін әндер, әсіресе сүргін көрген құрлық көшінде ел мен жұртқа тірек болғаны, сүйтеу болғаны анық қой. Ендеше, халықты сақтап қалған әуен болып шықпай ма? Кітапта сол үндістер тайпасы туралы «Черокидің көз жасының іздері One Drop of Blood (Бір тамшы қан) сияқты арнайы гимннен көрінеді. Олардың бүгінде Оклахома деп аталатын жаңа аймағында жаңа би алаңқайлары бой көтеріп, осы жердің өздерінің мекені екенін дыбыс және ырғақ жолдарымен білдірді» деп көрсеткені біздің сөзімізге дәлел. Иә, музыка халықтардың бұрынғы қақтығыстарының, күрестері мен

бейімделуінің қайта қиығыруы. Музыкалар жүзесуінің міндеті шымыштырық дыбыстар тарихын сақтау және түсіндіру болса керек. Кітапта адамзат тарихына, мұхиттар мен құрлықтарды ашудағы географиялық жаңалықтарға да музыкантанушының көзқарасы тұрғысынан баға берілді. Мәселен, Еуропа теңізшілері мен өңірлерінің теңізделі ұзақ сапар кезінде дәл осы музыка шынықтырып, сергіткені айтылады. Бір-бірін танымайтын және тілін түсінбейтін адамдар арасында байланыс орнату үшін музыка мен би пайдалы болғаны теңізшілер мойындаған екен. Мұның әлі аймағында тәжірибеден өткізген ең алғашқы еуропалықтардың бірі – Абель Тасман еді. Жаңа Зеландия жағалауына келген оларға маорилер ұлу кернейінде ойлап белгі берсе, теңізшілер кемелегі музыкалық аспаптармен жауап қатқан... Демек, ел мен елді музыка байланыстырған. «Джеймс Куктің Жер шарын үш рет айналып шыққан сапарының ұтқан жері кемесінде тәжірибелі суретшілерді алып жүргені болды және ресми жазбалардан мұрын флейтасы мен барабанды ойлап тұрған арал тұрғындары иллюстрацияларын қосқанда, Полинезия музыкалары мен музыкалық аспаптарының келегені бейнесін табуамыз» дейді кітапта. Иә, кітапты паракан отырып, көңілге түйгеніміз, халық пен халық жүздегенде дыбыс пен үн де араласып отырған. Дауыс кеңістігіндегі жаңа дыбыс құбылысын бір ұлт екінішінен сініріп, аспаптардың құрылымы мен құрылысын біріне екініші үлгі қылып көрсеткен. «Бейтанис халықтармен жүзесу тарихы музыкада сақталды» деген ұйғарым көңілге қомады.

Адамзат бастан өткерген қилы кезеңдер, соғыстар мен тарихтар музыка зерттеу тарихына қалай салқынын тигізді – бұл да кітаптың өзегіне айналған тақырып. Әлем музыкасының ғана емес, әлем өркениетінің, салт-дәстүрінің, наным-сенімінің тарихы қатталған кітапта ғаламшарымыздағы түрлі ұлттар мен ұлыстың, алып империялардың, құм басқан шаһарлардың тағдырын сол дәуір мен халықтың әуені, музыкалық аспаптары арқылы зерттеп, талдайды. Бір мақаламен екі кітап болып жарық көрген кітапты жан-жақты талқылап оту мүмкін емес. Алайда кітаптың кейбір тарауларының аттарын атап оту арқылы кітап мазмұнын оқырман жақында-та түсмеріз деп ойлаймыз. «Мұсылман әлеміндегі музыкалық білім негіздері», «Үндістердің (музыка) тарихы», «Қытай музыкасы тарихы-



«Құнанбай» еңбегінің материалды беру тәсілі анағұрлым бөлек. Құнанбайдың туу дерегі мен шежіресіне арналған тарауда «би» және «шежіре» категориялары сараланады. Зерттеуші Құнанбай өмір сүрген дәуірдегі қазақ қоғамын билеуші топтардың өзара қиын қатынастарын да назарынан тыс қалдырмайды. Әсіресе осы мәселе 1837-1847 жылдар аралығындағы Кенесары ханның патшалық Ресейге қарсы соғысы кезінде асына түскені белгілі. Бұған байланысты кітапта бір қызықты жайт келтіріледі. Бірде колониалдық экспедициялық әскер құрамында Құнанбай екі жүз сардарымен қатысып, жапан далада үдере шегініп бара жатқан Кенесары хан жасақтарын қуып жетеді. Сөйтіп, екі жасақ арасында зенбірек оғы жететін қашықтық қана қалады. Ал Кенесары хан әскері болса бесін намазын оқып жатыр екен. Осы сәтте колониалдық әскерлердің зенбіректермен атқылаймыз деген ниғылын біліп, бұған Құнанбай үзілді-кесілді қарсы шығады. Ол «егер намаз сапында тұрған әскерлерге оқ атылған жағдайда бұл соғыс саяси астардан діни астарға ауысып, ал бұл бұдан да үлкен текетіреске соқтыратынын» айтып, орыс әскерінің бетін осы әрекеттен қайтарды. Бұл тарихи деталь бір жағынан, сол тұстағы патша шенеунігінің саяси сұңғылауынан танытқан болса, екінші жағынан қазақтың соңғы ханының жасырын жақтасын да айқара анық көрсетеді.

Е.Сыдықов «қазақ элитасы жалпыға ортақ парадигмалардан гөрі, колониалдық билік жағын неге ұстанды?» деген сұраққа тарихи оқиғаларды терең талдап, ұлт тұлғаларының мақсаты елдің бірлігін, ұлттық бірегейлікті сақтау арқылы мемлекетті жаңғыртуға ойланған жан-жақты түсіндірген. Бұдан аға сұлтан Құнанбайдың өз уезінде атқарған реформалары басты мақсат ретінде ұлттық рухани құндылықтарды сақтап, оларды нығайтуға бағытталғанын аңғартады. Оған Қарқаралыда – мешіт, Меккеде – тәкіе (қажыларға арналған қонақүй) салдыру айғақ бола алады. Бұл тұрғыда Құнанбай қажы өз заманынан озып туып, колониалдық биліктің рухани-идеологиялық экспансиясына қарсылық ұйымдастыра келе, еліміздің шетелдегі алғашқы дипломатиялық өкілеттілігін де ашты дегуге болады. Ол өзінің өмір жолы арқылы жұртқа ұлағат көрсете білді. Құнанбай – әр ісінде Құлайды еске алып, өз еліне адал қызмет еткен адам. Ол – Абайдай баласына, Шәкәрімдей немересіне халыққа қызмет етуді бала жасынан қанына сініре алған үлкен әулеттің несі. Жазылмаған дала заңы мен ұлт дәстүрін білуді, өмірге серек қарап, ұстамады болды ұрпақтарының бойына дарыта алған еке тағылымы да осы кітаптан табылары анық. Ол ұрпағына ағартушылық ислам негіздеріне сүйеніп тәрбие берген, сонымен қатар баласы Халиоллаға еуропалық білім алғызған. Сол арқылы болашақтағы елдегі дәстүрлі білім беру жүйесінің де түбегейлі өзгерістерге ұшырайтынын сезгенін аңғартады. Бұл кітапта Абайдың тұлғалық айналасын ашқан зерттеу ретінде тарихшымен мен гуманитарлық ғылымдар саласының мамандары қажетіне жарата алады. Мұндағы Құнанбай ұрпақтарының, әсіресе Абайдың шығармашылық ортасының өмірбаянына қатысты тың фактілер әлем оқырманы үшін де маңызды.

Балтабай ӘБДІҒАЗИҰЛЫ,
филология ғылымының докторы,
Абай атындағы ұлттық педагогикалық университетінің профессоры

«Ана тілі» газеті



Қарағоз СЕРІКҚЫЗЫ
«Ана тілі» газеті

DÜISENBI

21 QYRKÜIEK

QAZAQSTAN
6:05 «Könül tolynu». 6:15 «Mäsele». 7:00 «TAN-SHOLPAN».

XABAP
6:00 «7 күн». 7:15 «Удiная сдeлка». 9:15 «Qalamaiym». 10:20 «Тайталас».

SEISENBI

22 QYRKÜIEK

QAZAQSTAN
6:05 «Қазақ даласынñ құпиялары». Д.ф. 6:30 AQPARAT. 7:00 «TANSHOLPAN».

XABAP
6:00 Қорытынды жаңалықтар. Итоги дня. 7:15 «Удiная сдeлка».

SÄRSENBИ

23 QYRKÜIEK

QAZAQSTAN
6:05 «Қазақ даласынñ құпиялары». Д.ф. 6:30 AQPARAT. 7:00 «TANSHOLPAN».

XABAP
6:00 Қорытынды жаңалықтар. Итоги дня. 7:15 «Удiная сдeлка».

BEISENBI

24 QYRKÜIEK

QAZAQSTAN
6:05 «Қазақ даласынñ құпиялары». Д.ф. 6:30 AQPARAT. 7:00 «TANSHOLPAN».

XABAP
6:00 Қорытынды жаңалықтар. Итоги дня. 7:15 «Удiная сдeлка».

JUMA

25 QYRKÜIEK

QAZAQSTAN
6:05 «Қазақ даласынñ құпиялары». Д.ф. 6:30 AQPARAT. 7:00 «TANSHOLPAN».

XABAP
6:00 Қорытынды жаңалықтар. Итоги дня. 7:15 «Удiная сдeлка».

SENBИ

26 QYRKÜIEK

QAZAQSTAN
6:05 «Ауылдастар». 6:35 «Асырлар үйі». 7:05 «Қазыналы Қазақстан».

XABAP
6:00 «Ұят болмасын». 6:45 «Отаным мені». С. Мелеуов. 9:00 «Өзін-өзі тату».

JEKSENBИ

27 QYRKÜIEK

QAZAQSTAN
6:05 «Ауылдастар». 6:35 «Ұлттық арнада - ұмытталмас ескері».

XABAP
6:00 «Ұят болмасын». 6:50 «Баса, қазақ!». Әділ мен Дана. 9:00 «Сампоанация».

АСТАНА
6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер».

КТК
07:05 «МОССАҒАНКЗ». 07:50 «ДАУ-ДАМАЙ-СЫЗ».

АСТАНА
6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер».

КТК
07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.30 «АСЛЫ-ФЕРХАТ».

АСТАНА
6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер».

КТК
07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.30 «АСЛЫ-ФЕРХАТ».

АСТАНА
6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер».

КТК
07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.30 «АСЛЫ-ФЕРХАТ».

АСТАНА
6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер».

КТК
07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.30 «АСЛЫ-ФЕРХАТ».

АСТАНА
6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер».

КТК
07:05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН. 08.10 «ШАТЫР АСТЫНДАҒЫ КЕЖІ».

АСТАНА
6:00 «Ән мен әзіл». 7:00 «KazNet». 7:30 «Әзілстан».

КТК
07:05 «ЖҮРЕГІМ СЕН КЕЛГЕЛІ БАҚЫТТЫ».

АСТАНА
6:00 «Құрдақ». 06:25 «Еленген есім». 07:25 «Элиф».

ДИДАР
08:00 «Гороскоп». 08:05 «Online-Фитнес».

АСТАНА
6:00 «Құрдақ». 06:15 «Еленген есім». 07:10 «Келесі кім?».

ДИДАР
08:00 «Дидар». 08:30 «Гороскоп».

АСТАНА
6:00 «Құрдақ». 06:15 «Еленген есім». 07:10 «Келесі кім?».

ДИДАР
08:00 «Дидар». 08:30 «Гороскоп».

АСТАНА
6:00 «Құрдақ». 06:15 «Еленген есім». 07:10 «Келесі кім?».

ДИДАР
08:00 «Дидар». 08:30 «Гороскоп».

АСТАНА
6:00 «Құрдақ». 06:15 «Еленген есім». 07:10 «Келесі кім?».

ДИДАР
08:00 «Дидар». 08:30 «Гороскоп».

АСТАНА
6:00 «Құрдақ». 06:30 «Еленген есім». 07:20 «Келесі кім?».

ДИДАР
08:00 «Дидар». 08:30 «Гороскоп».

АСТАНА
6:00 «Құрдақ». 06:30 Концерт «СӘЛЕМ. УЛЫ ДАЛА».

ДИДАР
08:00 «Дидар». 08:30 «Гороскоп».

АҚШАМ
09:00 А.ф. «Тайна магизаны ирүшеск».

31-APHA
06:00 Ризаман. 06:10 «Неге?».

АҚШАМ
09:00 Серил «Ганга».

31-APHA
06:00 Серил «Немного женаты».

АҚШАМ
09:00 Серил «Ганга».

31-APHA
06:00 Серил «Немного женаты».

АҚШАМ
09:00 Серил «Ганга».

31-APHA
06:00 Серил «Немного женаты».

АҚШАМ
09:00 Серил «Ганга».

31-APHA
06:00 Серил «Немного женаты».

АҚШАМ
09:00 «Готвим с Адель».

АҚШАМ
09:00 «Готвим с Адель».

АҚШАМ
09:00 Информационный блок.

АҚШАМ
09:00 Информационный блок.

ЖОБА

Кенгір ауылдық округінің Кеңгір ауылының шекарасын (шегін) белгілеу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, Жезқазған қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТТІ және Жезқазған қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

Кенгір ауылдық округінің Кенгір ауылының шекарасы (шегі) 1-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

Осы бірлескен қаулы және шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жезқазған қаласының әкімі Сесия төрағасы Қалалық мәслихаттың хатшысы

К. Әбстатаров
Б. Қобаяев
С. Мелебаев

Жезқазған қаласы әкімдігінің қаулысына және Жезқазған қалалық мәслихатының бірлескен шешіміне 1-қосымша

Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Кенгір ауылдық округі, Кенгір ауылының шекарасы (шегі)



ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР/УСЛОВНЫЕ ОБОЗНАЧЕНИЯ
Жобаның есімі мен шекарасы/граница проектируемого населенного пункта
шаруа қожалықтары шекарасы/граница крестьянских хозяйств

АЛҒЫС АЙТАМЫЗ

Ардақты ағамыз, бауырымыз Қалбибі Абсадыққызы ДУТБАЕВАНЫҢ өмірден озғанына қырық күн толды. Артында қалған балаларға көп көмек көрсеткені үшін, көңіл білдіріп, жанымызға сүйеу болғандарыңыз үшін «ЖезТемір-Бетон» ЖШС бас директоры Абай Болатұлы Байылдаевқа, директор Мұхтар Қадырұлы Үнгітбаевқа, №1,2 цех ұжымына алғыс білдіреміз.

Алла отбастарыңызға амандық-саулық, береке, байлық, бақыт берсін, баршаныңызды қасірет, қайғыдан сақтасын. Жаратқан емен әрбір бастаған істеріңізге сәттілік пен жеңілдік берсін. Баршаңызға Алланың нұры жаусын.

Алғыс білдірушілер: анасы, бауырлары, балалары.

КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ «ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ»

Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Обсаттаровтың тапсырмасына сәйкес коммуналдық қызметтердің «жедел желілері» іске қосылды. Енді қала тұрғындары төмендегі телефондарға хабарласып, өтініштері мен шағымдарына дереу жауап ала алады.

Габаритті емес қалдықтарды шығару – «Жар - 2013» ЖШС, 8 777 485 2792, 8 707 500 1069, 8 777 6076 9393, 8 777 655 0807

Қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару – «Ст Тазалық» ЖШС, 8 (7102) 77-66-05, 8 776 532 8313, 8 777 611 1853, 8 705 629 1451

Электр қуатымен жабдықтау – «Kazakhstan Distribution» ЖШС ӘЖК, 8 (7102) 74-51-81, 74-46-43, 8 777 327 6954

Жылумен, сумен жабдықтау және қарыз жүзделері – «ЖСЖК» АҚ, 8 (7102) 74-46-34, 8 771 036 0059

Жезқазған қаласының қоғамдық кеңесі кеңес мүшесі, «Атамекен» ҰКП Жезқазған аймақтық филиалының директоры Жүрсінбай Лекерова анасы

Несібелі ӘПШҚЫЗЫНЫҢ дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

«Дидар» телерадиохабарларын тарату дирекциясының ұжымы Жезқазған қаласы қоғамдық кеңесінің мүшесі, «Атамекен» ҰКП Жезқазған аймақтық филиалының директоры Жүрсінбай Лекерова, Жезқазған қаласы экономика және қаржы бөлімі басшысының орынбасары Мейрамгүл Лекерова анасы

Несібелі ӘПШҚЫЗЫНЫҢ дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

БСН 050340007333, ЖСК КZ09856000005225027, БСК КСЛВКЗКХ «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС.

Меншік иесі: «САРЫАРҚА газеті редакциясы» жауапкершілігі шектелген серіктестігі Директор – бас редактор Дархан Қабылдашұлы МҰХАН

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі ақпарат комитетіне қайта тіркелген (04.01.2019 ж.), куәлік №17433-Ұ (алғашқы сессия көзіненді нөмірі мен мерзімі №569, 08.07.1997 ж.)

Таралымы – 2100. Көлемі – 4 баспа табақ. Тапсырмашы №26. Газет алынасына бір рет – жұма күні шығады. Бас редактордың орынбасары – Диана ОРАЗАЛИНА, корректор – Бикен ЕСЕНБАЕВА, фототілші – Галия ӘБДИГАПАРОВА.

1006001, Жезқазған қаласы, 1.Есенберлин көшесі, 63/3. http://saryarqa.info E-mail: sa_jez@mail.ru whatsApp +7 708 420 18 88

Директор – бас редактор: 20-19-88, бухгалтерия/факс: 71-00-55, бас редактордың орынбасары: 71-07-01, тілшілер, газет тарату бөлімі: 77-50-25.

А – материал ағылды.

SARYARQA
info

ЖОЛДАУЫ 2020

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы
ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН: ІС-ҚИМЫЛ КЕЗЕҢІ

Агроөнеркәсіп кешенінің дамыту жөніндегі негізгі міндеттеріміз:

- әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларымен өзімізді толық қамтамасыз ету;
- миллиондаған ауыл тұрғындарының табысын арттыру;
- еңбек өнімділігін екі жарым есе көбейту;
- агроөнеркәсіп кешені өнімінің экспортын екі есе арттыру.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ПОРТАЛЫН ЕНГІЗУ

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мүгедектігі бар адамдардың ыңғайлылығы және көрсетілетін қызметтер мен техникалық оңалту құралдарының сапасын арттыру мақсатында әлеуметтік қызметтер порталын әзірлеп, енгізді.

Әлеуметтік қызметтер порталы мүгедектігі бар адамдарға тікелей жеткізушілерден оңалту құралдары мен қызметтерін өз бетінше сатып алу мүмкіндігін беретін автоматтандырылған жүйе болып табылады.

Мемлекет тарапынан техникалық құралдар мен оңалту қызметтерінің құнын өтеу тетігі көзделді. Портал тұтынушы неғұрлым қымбат тауарлар мен қызметтерді таңдаған кезде қосымша ақы төлеу мүмкіндігін қарастырады.

Жалпы әлеуметтік қызметтер Порталы 5 үдерісті цифрлауды көздейді:

- 1) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету;
- 2) техникалық оңалту құралдарымен қамтамасыз ету;
- 3) ымдау тілі маманының қызметтерін көрсету;
- 4) жеке көмекшінің қызметін көрсету;
- 5) санаторий-курорттық емдеу қызметтерін көрсету.

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап **5 бизнес-үдерістің 2-ін порталға ауыстырылды**: бұл арнайы әлеуметтік қызметтер және жеке бейімдеуді талап етпейтін техникалық оңалту құралдарының (ТОҚ) 24 түрімен қамтамасыз ету.

Мүгедектігі бар адамдарды оңалту құралдарымен және қызметтермен үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында 2020 жылы оңалту тауарлары мен қызметтері баламалы негізде – Портал арқылы және қолданыстағы тетіктер арқылы көрсетілуде.

Әлеуметтік қызметтер Порталына толық 2021 жылдан бастап өту жоспарлануда.

Әлеуметтік қызметтер порталында тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жеткізушілер үшін салық берешегін, банкроттықты, әділетсіздікті болдырмайтын талаптар қойылатын болады.

Өнім берушілер міндеттемелерін тиісінше орындамаған, жосықсыз болған жағдайда оларды әлеуметтік қызметтер Порталынан алып тастау бойынша шаралар көзделетін болады.

Бұл адал бәсекелестікті арттырады және әлеуметті өнім берушілердің оңалту құралдары мен қызметтерін жеткізуге қатысушының ашықтығын қамтамасыз етеді.

Қызмет алушылар порталды өз бетінше немесе Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері қызметкерлерінің көмегімен пайдалана алады.

Порталды енгізу ұсынылатын техникалық оңалту құралдары мен қызметтердің сапасын жақсартуға, оларды алудың мерзімдері мен атаулылығын қысқартуға, техникалық оңалту құралдары мен қызметтерге нақты қажеттілікті анықтауға мүмкіндік береді.

2019 жылдың 1 қарашасынан бастап портал пайдаланушылары үшін 1411 нөмірі бойынша call-center жұмыс істейді.

Әлеуметтік қызметтер порталында тіркелу мақсатында барлық мүгедектігі бар адамдар тұрғылықты жері бойынша ХҚКО-ның «Азаматтарға арналған үкімет» КЕАҚ-на электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) шығару қажет.

ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІ

SARYARQA
info

ЖОЛДАУЫ 2020

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы
ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН: ІС-ҚИМЫЛ КЕЗЕҢІ

ЕЛІМІЗДІҢ ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒДАРЫ БАСТЫ ЖЕТІ ҚАҒИДАТҚА НЕГІЗДЕЛУІ КЕРЕК

- 01** *Игіліктер мен міндеттердің әділ бөлінісі.*
- 02** *Жеке кәсіпкерліктің жетекші рөлі.*
- 03** *Әділ бәсекелестік, кәсіпкерлердің жаңа буыны үшін нарық ашу.*
- 04** *Өнімділікті көбейту, экономика-ның ауқымдылығын және технологиялық сипатын арттыру.*
- 05** *Адами капиталды дамыту, жаңа үлгідегі білім саласына инвестиция тарту.*
- 06** *«Жасыл» экономиканы дамыту, қоршаған ортаны қорғау.*
- 07** *Мемлекет тарапынан дәйекті шешімдер қабылдау және сол үшін қоғам алдында жауапты болу.*

COVID-19

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ САҚТАЛУЫ ТИІС

Коронавирус инфекциясының таралу қарқыны бәсеңсігенімен тұрғындар әлі де болса сақтық шараларын ұмытпауы керек. Сондықтан, медициналық мекемелердің қызметкерлері халық арасында түсіндіру жұмыстарын күшейтуді қолға алды.

«Инстаграм» әлеуметтік желісінде тікелей эфирге шыққан «Мәкенбаева» отбасылық-дәрігерлік амбулаториясының отбасылық дәрігері Динахмед Дадажанов оқырмандарға індетті жұқтырып алмаудың жолдарын нұсқады.

– Денінің саулығын, басының амандығын ойлаған әр тұрғын тазалық мәселесіне назар аудару қажет, – деп эфирді бастаған дәрігер вирустың екінші толқынына медицина саласы дайындықты бастағанын, емдеу протоколдары әзірленіп, білікті дәрігерлердің қоры жинақталғанын тілге тиек етті.

– Дене қызуы, әлсіздік және құрғақ жөтел бұл вирустың алғашқы белгілері. Кейбір науқастарда мұрынның бітелуі, ағуы, фарингит немесе диарея, конъюнктивит байқалуы мүмкін. Аталған белгілер болған жағдайда оқшауланып, дереу отбасылық дәрігеріңізге хабар беріңіздер. Өздігінше ем қабылдаудан аулақ болу керек. Бұн-

дай қадам сіздің денсаулыққа кері әсерін тигізуі әбден мүмкін, – деген Динахмед Дадажанов оқырмандарды иммунитетті көтеру үшін құрамында С дәрумені бар тағамдарды қабылдауға шақырды.

Сонымен қатар, дәрігердің нұсқауы бойынша дәрумендер кешенін де қабылдау қажеттігін, қоғамдық орындарда әлеуметтік ара-қашықтықты сақтау, екі сағат сайын маска ауыстырып, антисептик пайдалану керектігіне назар аударды.

Сұрақ-жауап форматында жалғасқан тікелей эфир барысында желі оқырмандары дене қызуы көтеріліп, тұмаудың белгілері бар науқастар үйге дәрігер шақыруға болатынын, қазір созылмалы ауруы бар азаматтар мен аяғы ауыр келіншектер мен балаларға тұмауға қарсы вакцина салу науқаны жүріп жатқанын білді.

Диана ОРАЗАЛИНА

ЭКОСОФИЯ

Иттің тоны неге жылы?



Осалда ит адамның кіндігінен жаралғанын терісі түксіз, жалаңаш болыпты. Әлімсақта адамды қорғап, жанында тұрады екен. Бір күні адамға қастық етуге ібіліс келеді. Ит оған тап беріп, жанына жолапайды. Өзәзіл итке ашуланып, қаһарын төгеді. Қаһары аязға айналып, ит өледі.

Тәңірі тағала иттің бұл тірлігіне риза болады. Оны қайта тіріліп, денесін жүні қалың терімен қаптайды. Ит содан бастап суыққа төнбайтын болыпты. Бірақ жылы тоны денесінен ауа өткізбейді екен. Сондықтан ит терлегенде, терді аузынан шығарады. Тілінің үнемі салақтап жүруі осыдан екен.

Үкінің киесі



Нұх заманында топан су тарылған соң, таулардың төбесі көрінді. Асқар таулар:

– Нұх маған тоқтайды. Адамзат ұрпағы менен қайта таралады, – деп таласады. Қазығұрт тауы ғана

сынықтық танытып:

– Бұл дәрежеге лайық емеспін. Нұхтың кемесі биік тауға тоқтар, – дейді. Құдайға Қазығұрттың кішіпейіл мінезі ұнап:

– Нұх, кемең Қазығұртқа қондыр! Тіршілік сол жерден басталсын! – деп әмір етеді. Нұх:

– Қазығұрт тауы қайда? – деп сұрайды. Тәңірі сонда үкі деген құс жаратып:

– Мына құсты қасыңа ал! Оның көзі өткір, түнде көреді. Қазығұртқа баратын жолды сол біледі, – дейді. Үкі Қазығұртқа жеткенше, кемеңнің алдында жол көрсетіп, ұшып отырады. Нұх Жида тауын, сосын Арапар тауын айналып өтеді. Кемеңнің желкені көрінгенде таулар балбырап, балқып кетіпті. Сондықтан да олардың жақпарында кемеге ұқсас жартастар түзіліпті.

Нұх Қазығұртқа тоқтаған бетте пайғамбар кіші ұлы Жаппасқа «Осы жерге қазық ұр!» – деп бұйырады. Сосын үкіге риза болып:

– Орман-тоғайдың иесі бол! Шаңырағымның киесі бол! – деп бата береді. Содан үкіге айрықша кие дариды. Адамдар оны «Тіл-көз тимесін» деп баланың бесігіне, қыздың бөркіне тағатын болыпты.

Асқар таулар қанша жалынса да, үкі тоқтамай айналып өтеді. Сонда таулар үкіні қарап: «Көзің көр болып, көрмей қалсын!» депті. Содан бастап үкінің көзі күндіз көрмейтін соқыр болыпты.

Жыланның пейіштен құтылуы

Өзелде жылан пейіштің күзетшісі болған екен. Ол кезде оның бойы түйедей биік, денесі жақұттан, көздері лағылдан еді. Арқасында алтыннан екі қанаты болатын. Күмістей жалы желбіреп тұратын. Бір күні оны ібіліс азғырып:

– Әй, жылан, менің әкем

Өбілет – жылан еді, шешем Төбілет – шаян еді. Мен адамның кесірінен Құдайдың рахымынан құр қалдым. Туыстық ақым үшін кек алуға көмектес. Мен адамды құртып, Құдайдың дәрегіне қайта келсем, саған бір пайдам тиер еді, – дейді. Жылан Ібілістің сөзіне иланады. Адамға опасыздық жасауға көніп:

– Не көмек қажет? – деп сұрайды.

– Мені тіліңнің астына жасырып, Хауаның жанына апар. Өзім айла қыламын, – дейді. Жылан мақұл көреді. Аузын ашқанда, Ібіліс лып етіп, тілінің астына жасырынады. Сөйтіп жылан болып сөйлеп, Хауа ананы азғырады.

Жыланның осы ісі үшін Құдай оны жазалайды. Оны барлық құрмет пен ғизаттан айырады. Аяқ-қолы мен қанатын қырқады. Ризық бермейді. Ирелендеп жүргізеді. Ібіліс паналаған тілінің астынан у шығарады.

Қарғаның сәбиге ет тасуы

Ерте заманда түркі тайпасына жау шабады. Олар елді түтел қырады. Бір сәбиді ғана аяқ-қолын кесіп, далаға тастап кетеді. Кенет оған бір құртқа жолығады. Ол бөлтірігінен айрылып, жапан түзде келе жатыр еді. Қасқыр баланы көріп, желіні сыздап қоя береді. Жақындап келіп баланың қанын тілімен жалап тоқтатады да, сәбиді емізеді. Сосын өзімен бірге үнгірге әкетеді. Бірақ бала сүтке тоймай, қарны ашып жылай беріпті. Сонда оған қарғалар келіп, күнде бір кесек етпен тастап отырған екен. Бала өсіп, ержеткен соң одан түркі ұрпағы туыпты.

(«Экософия немесе киелі табиғат» кітабынан)

ҚАЗАҚСТАНДА COVID-19-БЕН КҮРЕС БОЙЫНША ҚАБЫЛДАНҒАН ШАРАЛАРДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

kazinform

ҚАЗАҚСТАН COVID-19 ЖҰҚТЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ САНЫ ЖӨНІНДЕ ӘЛЕМДЕ 47-ОРЫНДА

24

КВИ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ЖЕДЕЛ ЖӨРДЕМ ШАҚЫРТУЛАР САНЫ **74%-ҒА АЗАЙДЫ**

42-ОРЫНДА

ЖҮРГІЗІЛЕТІН ТЕСТЛЕУ САНЫ БОЙЫНША

61-ОРЫНДА

ӨЛІМ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ САНЫ БОЙЫНША

79%-ҒА ТӨМЕНДЕДІ

СТАЦИОНАР ТӨСЕК-ОРЫНДАР ЖҮКТЕМЕСІ

72%-ҒА ТӨМЕНДЕДІ

РЕАНИМАЦИЯЛЫҚ ТӨСЕК-ОРЫН

59 МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ЖЕКЕ ЗЕРТХАНА ЖҰМЫЛДЫРЫЛДЫ

COVID-19 ЗЕРТХАНАЛЫҚ ДИАГНОСТИКАСЫНЫҢ ТӘУЛІК САЙЫНҒЫ МҮМКІНДІГІ ҰЛҒАЙТЫЛДЫ.

7,6 ЕСЕГЕ АРТТЫ

МОБИЛЬДІ БРИГАДАЛАР САНЫ

«ҚАЗАҚПАРАТ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ АГЕНТТІГІ» 2020 ЖЫЛ WWW.INFOFORM.KZ МЕЖДУНАРОДНОЕ ИНФОРМАЦИОННОЕ АГЕНТСТВО «КАЗИНФОРМ» 2020 ГОД © Дия Сметова Ж.